

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ  
ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРАЛІГІ  
ҒЫЛЫМ КОМИТЕТІ  
Ш.Ш. УӘЛИХАНОВ АТЫНДАҒЫ ТАРИХ ЖӘНЕ ЭТНОЛОГИЯ ИНСТИТУТЫ



# «EDU.E-HISTORY.KZ» ЭЛЕКТРОНДЫҚ ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛЫ



2024. 11 (2)  
сәуір-маусым

ISSN 2710-3994

ISSN 2710-3994 (online)

*Құрылтайшысы және баспагері:* Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым комитеті Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты ШЖҚ РМК

Ғылыми журнал Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің Байланыс, ақпараттандыру және ақпарат комитетінде 2014 ж. 29 қазанында тіркелген. Тіркеу нөмірі № 14602-ИА. Жылына 4 рет жарияланады (электронды нұсқада).

Журналда тарих ғылымының *келесі бағыттары* бойынша ғылыми жұмыстар жарияланады: тарих (дүниежүзі және Қазақстан тарихы), деректану және тарихнама, археология, этнология, антропология.

*Жарияланым тілдері:* қазақ, орыс, ағылшын.

*Редакция мен баспаның мекен-жайы:*

050010 Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Шевченко көш., 28-үй

ҚР ҒЖБМ ҒК Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты ШЖҚ РМК

Тел.: +7 (727) 261-67-19, +7 (727) 272-47-59

Е-mail: [edu.history@bk.ru](mailto:edu.history@bk.ru)

Журнал сайты: <https://edu.e-history.kz>

© Ш.Ш. Уәлиханов атындағы  
Тарих және этнология институты 2024  
© Авторлар ұжымы, 2024

**БАС РЕДАКТОР**

**Қабылдинов Зиябек Ермұқанұлы** — тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА корр.-мүшесі, ҚР ҒЖБМ ҒКШ.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының бас директоры. (Қазақстан)

**РЕДАКЦИЯЛЫҚ АЛҚА**

**Аяған Бүркітбай Гелманұлы** — тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҒЖБМ ҒК Мемлекет тарихы институты директорының орынбасары. (Қазақстан)

**Әлімбай Нұрсан** — тарих ғылымдарының кандидаты, профессор, Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының бас ғылыми қызметкері. (Қазақстан)

**Әбіл Еркін Аманжолұлы** — тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР БҒМ ҒК Мемлекет тарихы институтының директоры. (Қазақстан)

**Вернер Кунтһиа (Werner, Cynthia)** — тарих ғылымдарының докторы, профессор, Техас университеті. (АҚШ).

**Голден Кэти Стромайл (Kathie Stromile Golden)** — PhD, Миссисипи өңірлік мемлекеттік университеті (Mississippi Valley State University). (АҚШ)

**Кәрібаев Берекет Бақытжанұлы** — тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, Өл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, «Қазақстан тарихы» кафедрасының меңгерушісі. (Қазақстан)

**Қожамжарова Дария Пернешқызы** — тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінің ректоры. (Қазақстан)

**Кожирова Светлана Басиевна** — саясаттану ғылымдарының докторы, профессор, Фудан Университетінің Қытай және Орталық Азияны зерттеу орталығының мен «Астана» ХҒК бірлескен директоры. (Қазақстан)

**Дайнер Александр (Diener Alexander)** — тарих ғылымдарының докторы, профессор, Канзас университеті. (АҚШ)

**Көкебаева Гүлжауһар Какенқызы** — тарих ғылымдарының докторы, профессор, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті. (Қазақстан)

**Көмеков Болат Ешмұхамедұлы** — тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, Өл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті Халықаралық қыпшақтану институтының директоры, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің профессоры. (Қазақстан)

**Матыжанов Кенжехан Ісләмжанұлы** — филология ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА корр.-мүшесі, М.О. Әуезов атындағы әдебиет және өнер институтының директоры. (Қазақстан)

**Моррисон Александр (Morrison Alexander)** — PhD, Оксфорд университетінің профессоры. (Ұлыбритания)

**Муминов Ашірбек Құрбанұлы** — тарих ғылымдарының докторы, профессор, Ислам тарихы, өнер және мәдениет ғылыми-зерттеу орталығының аға ғылыми қызметкері IRCICA – İslam Tarih, Sanat ve Kültür Araştırma Merkezi. (Түркия)

**Римантас Желвис (Želvys Rimantas)** — тарих ғылымдарының докторы, профессор, Вильнюс педагогикалық университеті. (Литва)

**Самашев Зайнолла Самашұлы** — археолог, тарих ғылымдарының докторы, профессор, Герман археология институтының корр.-мүшесі. ҚР ҒЖБМ ҒК Ө. Марғұлан атындағы Археология институты. (Қазақстан)

**Смағұлов Оразақ Смағұлұлы** — тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, Балон ғылым академиясының корр.-мүшесі, Ш.Ш. Уәлиханов атындағы сыйлықтың лауреаты, ғылым мен техниканың еңбек сіңірген қайраткері, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің профессоры. (Қазақстан)

**Сыдықов Ерлан Бәтташұлы** — тарих ғылымдарының докторы, профессор, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің ректоры. (Қазақстан)

**Таймағамбетов Жәкен Қожахметұлы** — тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, ҚР Ұлттық музейі. (Қазақстан)

**ЖАУАПТЫ РЕДАКТОР**

**Қаипбаева Айнагүл Толғанбайқызы** — тарих ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор, Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының жетекші ғылыми қызметкері. (Қазақстан)

**ҒЫЛЫМИ РЕДАКТОРЛАР**

**Қозыбаева Махаббат Мәлікқызы** — PhD, Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының Астана қаласындағы филиалының директоры. (Қазақстан)

**Қапаева Айжан Тоқанқызы** — тарих ғылымдарының докторы, профессор, Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының Бас ғылыми қызметкері. (Қазақстан)

**Кубеев Рустем Жаулыбайұлы** — Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының ғылыми қызметкері. (Қазақстан)

**ТЕХНИКАЛЫҚ ХАТШЫ**

**Копеева Сания Жуматайқызы** — Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының қызметкері. (Қазақстан).

ISSN 2710-3994 (online)

*Учредитель и издатель:* РГП на ПХВ «Институт истории и этнологии им.Ч.Ч. Валиханова»  
Комитета науки Министерства науки и высшего образования Республики Казахстан

Научный журнал зарегистрирован в Комитете связи, информатизации и информации  
Министерства по инвестициям и развитию Республики Казахстан, свидетельство  
о регистрации:

№ 14602-ИА от 29.10.2014 г. Публикуется 4 раза в год (в электронном формате).

В журнале публикуются научные работы *по следующим направлениям* исторической науки:  
история (всемирная история и история Казахстана), источниковедение и историография,  
археология, этнология, антропология.

*Языки публикации:* казахский, русский, английский.

*Адрес редакции и издательства:*

050010 Республика Казахстан, г. Алматы, ул. Шевченко, д. 28

РГП на ПХВ Институт истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова КН МНВО РК

Тел.: +7 (727) 261-67-19, +7 (727) 272-47-59

Е-mail: [edu.history@bk.ru](mailto:edu.history@bk.ru)

Сайт журнала: <https://edu.e-history.kz>

© Институт истории и этнологии  
имени Ч.Ч. Валиханова, 2024  
© Коллектив авторов, 2024

**ГЛАВНЫЙ РЕДАКТОР**

**Кабульдинов Зиябек Ермуханович** — доктор исторических наук, профессор, чл.-корр. НАН РК, генеральный директор Института истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова КН МНВО РК. (Казахстан)

**РЕДАКЦИОННАЯ КОЛЛЕГИЯ**

**Алимбай Нурсан** — кандидат исторических наук, профессор, главный научный сотрудник Института истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова. (Казахстан)

**Абиль Еркин Аманжолович** — доктор исторических наук, профессор, директор Института истории государства КН МНВО РК. (Казахстан)

**Аяган Буркитбай Гелманович** — доктор исторических наук, профессор, заместитель директора Института истории государства КН МНВО РК. (Казахстан)

**Вернер Синтия (Werner, Cynthia)** — доктор исторических наук, профессор. Техасский университет. (США)

**Голден Кэтти Стромайл (Kathie Stromile Golden)** — PhD, Государственный университет долины Миссисипи (Mississippi Valley State University). (США)

**Дайнер Александр (Diener Alexander)** — доктор исторических наук, профессор. Канзасский университет. (США)

**Исмагулов Оразак Исмагулович** — доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, член-корр. Болонской академии наук, лауреат премии им. Ч.Ч. Валиханова, заслуженный деятель науки и техники, профессор Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева. (Казахстан)

**Карибаев Берекет Бахытжанович** — доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, заведующий кафедрой истории Казахстана, Казахский национальный университет им. аль-Фараби. (Казахстан)

**Кожамжарова Дария Пернешовна** — доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, ректор Южно-Казахстанского университета им. М. Ауэзова. (Казахстан)

**Кожирова Светлана Басиевна** — доктор политических наук, профессор, содиректор Центра исследования Китая и Центральной Азии Фуданьского Университета и МНК «Астана», руководитель Центра китайских и азиатских исследований. (Казахстан)

**Кокебаева Гульжаухар Какеновна** — доктор исторических наук, профессор Казахского национального педагогического университета имени Абая. (Казахстан)

**Кумеков Болат Ешмухамбетович** — доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, директор Международного института кипчаковедения Казахского национального университета имени аль-Фараби, профессор Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева. (Казахстан)

**Матъжанов Кенжехан Слямжанович** — доктор филологических наук, профессор, чл.-корр. НАН РК, директор Института литературы и искусства им. М. Ауэзова. (Казахстан)

**Моррисон Александр (Morrison Alexander)** — PhD, профессор Оксфордского университета. (Великобритания)

**Муминов Аширбек Курбанович** — доктор исторических наук, профессор, старший научный сотрудник Исследовательского центра исламской истории, искусства и культуры. IRCICA – İslâm Tarih, Sanat ve Kültür Araştırma Merkezi. (Турция)

**Римантас Желвис (Želvyš Rimantas)** — доктор педагогических наук, профессор, Вильнюсский педагогический университет. (Литва)

**Самашев Зайнолла Самашевич** — археолог, доктор исторических наук, профессор, чл.-корр. Германского археологического института. Институт археологии им. А. Маргулана КН МНВО РК. (Казахстан)

**Сыдыков Ерлан Батташевич** — доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, ректор Евразийского национального университета им. Л.Н. Гумилева. (Казахстан)

**Таймагамбетов Жакен Кожаметович** — доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, Национальный музей РК. (Казахстан)

**ОТВЕТСТВЕННЫЙ РЕДАКТОР**

**Каипбаева Айнагуль Толганбаевна** — кандидат исторических наук, ведущий научный сотрудник Института истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова. (Казахстан)

**НАУЧНЫЕ РЕДАКТОРЫ**

**Козыбаева Махаббат Маликовна** — PhD, директор филиала в г. Астана Института истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова. (Казахстан)

**Капаева Айжан Токановна** — доктор исторических наук, профессор, главный научный сотрудник Института истории этнологии им. Ч.Ч. Валиханова. (Казахстан)

**Кубеев Рустем Джаулыбайулы** — научный сотрудник Института истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова. (Казахстан)

**ТЕХНИЧЕСКИЙ СЕКРЕТАРЬ**

**Копеева Сания Жуматаевна** — сотрудник Института истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова. (Казахстан)

ISSN 2710-3994 (online)

*Founder and publisher:* RSE on REM “Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology” of the Committee of Science of the Ministry of Science and Higher Education of the Republic of Kazakhstan

The scientific journal is registered at the Committee for Communications, Informatization and Information of the Ministry for Investments and Development of the Republic of Kazakhstan, registration certificate: No. 14602-ІІА dated October 29, 2014. The journal is published 4 times a year (in electronic format).

The journal publishes scientific works in the *following areas* of historical science: history (world history and history of Kazakhstan), source studies and historiography, archeology, ethnology, anthropology.

*Publication languages:* Kazakh, Russian, English.

*Editorial and publisher address:*

28 Shevchenko Str., 050010, Almaty, Republic of Kazakhstan

RSE on REM Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology CS MSHE of the Republic of Kazakhstan

Tel.: +7 (727) 261-67-19, +7 (727) 272-47-59

E-mail: [edu.history@bk.ru](mailto:edu.history@bk.ru)

Journal website: <https://edu.e-history.kz>

© Ch.Ch. Valikhanov Institute  
of History and Ethnology, 2024  
© Group of authors, 2024

**EDITOR-IN-CHIEF**

**Kabuldinov Ziabek Ermukhanovich** — Doctor of Historical Sciences, Professor, Corresponding Member of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, General Director of Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology SC MSHE RK. (Kazakhstan)

**EDITORIAL BOARD**

**Alimbay Nursan** — Candidate of Historical Sciences, Professor, Chief Researcher at the Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology. (Kazakhstan)

**Abil Yerkin Amanzholovich** — Doctor of Historical Sciences, Professor, Director of the Institute of History of the State CS MES RK. (Kazakhstan)

**Ayagan Burkitbai Gelmanovich** — Doctor of Historical Sciences, Professor, Deputy Director of the Institute of History of the State SCMSHE RK. (Kazakhstan)

**Werner, Cynthia** — Doctor of Historical Sciences, Professor, Texas university. (USA)

**Golden Kathie Stromile** — PhD, Mississippi Valley State University. (USA)

**Ismagulov Orazak Ismagulovich** — Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, Corresponding Member of Bologna Academy of Sciences, winner of Ch.Ch. Valikhanov Award, Honored Worker of Science and Technology, Professor of L.N. Gumilyov University. (Kazakhstan)

**Karibayev Bereket Bakhytzhonovich** — Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, Head of the Department of History of Kazakhstan, Al-Farabi Kazakh National University. (Kazakhstan)

**Kozhamzharova Daria Perneshovna** — Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the NAS of the Republic of Kazakhstan, rector of the M. Auezov South Kazakhstan University. (Kazakhstan)

**Kozhirova Svetlana Bassieva** — Doctor of Political Science, Professor, Co-Director of the Center for the Study of China and Central Asia of Fudan University and the International Scientific Complex of the National Company "Astana", Head of the Center for Chinese and Asian Studies. (Kazakhstan)

**Diener Alexander** — Doctor of Political Science, Professor, University of Kansas. (USA)

**Kokebayeva Gulzhaukhar Kakenovna** — Doctor of Historical Sciences, Professor at the Abai Kazakh National Pedagogical University. (Kazakhstan)

**Kumekov Bolat Eshmukhambetovich** — Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, Director of the International Institute of Kipchak Studies of the Al-Farabi Kazakh National University, Professor at L.N. Gumilyov Eurasian National University. (Kazakhstan)

**Matyghanov Kenzhekhan Slyamzhanovich** — Doctor of Philology, Professor, Corresponding Member of the NAS RK, Director of M. Auezov Institute of Literature and Art. (Kazakhstan)

**Morrison Alexander** — PhD, Professor, University of Oxford. (UK)

**Muminov Ashirbek Kurbanovich** — Doctor of Historical Sciences, Professor, Senior Researcher at the Research Center for Islamic History, Art and Culture. IRCICA (İslâm Tarih, Sanat ve Kültür Araştırma Merkezi). (Turkey)

**Rimantas Želvys** — Doctor of Pedagogical Sciences, Professor, Vilnius Pedagogical University. (Lithuania)

**Samashev Zainolla Samashevich** — archaeologist, Doctor of Historical Sciences, Professor, Corresponding Member of German Archaeological Institute. A. Marghulan Institute of Archeology SC MSHE RK. (Kazakhstan)

**Sydykov Erlan Battashevich** — Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, Rector of L.N. Gumilyov Eurasian National University. (Kazakhstan)

**Taimagambetov Zhaken Kozhakhmetovich** — Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, National Museum of the Republic of Kazakhstan. (Kazakhstan)

**EXECUTIVE EDITOR**

**Kaipbayeva Ainagul Tolganbayevna** — Candidate of Historical Sciences, leading researcher at Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology (Kazakhstan).

**ACADEMIC EDITOR**

**Kozybayeva Makhabbat Malikovna** — PhD, Director of Astana branch of the Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology. (Kazakhstan)

**Kapaeva Aizhan Tokanovna** — Doctor of Historical Sciences, Professor, Chief Researcher at the Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology. (Kazakhstan)

**Kubeyev Rustem Dzhaulybayuly** — researcher at Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology. (Kazakhstan)

**TECHNICAL SECRETARY**

**Kopeyeva Saniya Zhumataevna** — researcher at Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology. (Kazakhstan)


## ТАРИХ / ИСТОРИЯ / HISTORY


Published in the Republic of Kazakhstan  
 Electronic scientific journal "edu.e-history.kz"  
 Has been issued as a journal since 2014  
 ISSN 2710-3994.  
 Vol. 11. Is. 2, pp. 462–477, 2024  
 Journal homepage: <https://edu.e-history.kz>


FTAXP / МПНТИ / IRSTI 03.20.  
[https://doi.org/10.51943/2710-3994\\_2024\\_38\\_2\\_462-477](https://doi.org/10.51943/2710-3994_2024_38_2_462-477)

**RESEARCH OF ARCHIVAL BUSINESS IN THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN**

*Turganzhan A. Tulebaev*<sup>1</sup>, *Nurgul N. Kurmanalina*<sup>2</sup>, *Symbat M. Ilgidaeva*<sup>3</sup>

<sup>1</sup>Al-Farabi Kazakh National University  
 (71, Al-Farabi Ave., 050040 Almaty, Republic of Kazakhstan)  
 Doctor of Historical Sciences, Professor  
 <https://orcid.org/0000-0001-7376-9732>. E-mail: [tur-07@mail.ru](mailto:tur-07@mail.ru)

<sup>2</sup>Ch.Ch. Valikhanov Institute of history and ethnology  
 (28, Shevchenko Str., 050010 Almaty, Republic of Kazakhstan)  
 Scientific secretary, PhD  
 <https://orcid.org/0000-0001-7165-9935>. E-mail: [nurgulca@mail.ru](mailto:nurgulca@mail.ru)

<sup>3</sup>Al-Farabi Kazakh National University  
 (71, Al-Farabi Ave., 050040 Almaty, Republic of Kazakhstan)  
 PhD student  
 <https://orcid.org/0009-0003-3643-8338>. E-mail: [symbat.moshyn@gmail.com](mailto:symbat.moshyn@gmail.com)

© Ch.Ch. Valikhanov IHE, 2024

© Tulebaev T.A., Kurmanalina N.N., Ilgidaeva S.M., 2024

**Abstract.** *Introduction.* In the article historiographical analysis of a number of works related to the archival business of the period of independent Kazakhstan is carried out, the issues of formation of archival business during the years of independence, the system of organization, the problem of modernization of information, the system of funding, expertise in the archive, the problems of digitalization, audiovisual documents, their features and problems are studied on a scientific basis. *Purpose and objectives of the research* – the main purpose of the article is to conduct a historiographical analysis of the works, to determine the degree of study of the archives at independence and to identify still necessary questions. *Results.* After the Republic of Kazakhstan gained its independence, it achieved great success in the field of archival science. The Republic began to form its own scientific base for the study of archival problems, separate historical periods during which the archival industry was formed. *Conclusions.* As a historiographical source, the article uses published monographs, scientific articles, textbooks on the history of archival development in Kazakhstan


**Keywords:** Research, writings, researcher, archival business, archivist, historiography


**For citation:** Tulebaev T.A., Kurmanalina N.N., Ilgidaeva S.M. Research of archival business in the Republic of Kazakhstan // Electronic scientific journal "edu.e-history.kz". 2024. Vol. 11. No. 2. Pp. 462–477. (In Kaz.). DOI: 10.51943/2710-3994\_2024\_11\_2\_462-477




## ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ АРХИВ ІСІНІҢ ЗЕРТТЕЛУІ

Тұрғанжан Абеуұлы Төлебаев<sup>1</sup>, Нұргүл Нұрсұлтанқызы Құрманалина<sup>2</sup>,  
Сымбат Мошыновна Илгидаева<sup>3</sup>

<sup>1</sup>Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті  
(71-үй, әл-Фараби даңғ., 050040 Алматы, Қазақстан Республикасы)  
Тарих ғылымдарының докторы, профессор  
 <https://orcid.org/0000-0001-7376-9732>. E-mail: [tur-07@mail.ru](mailto:tur-07@mail.ru)

<sup>2</sup>Ш.Ш. Уәлиханов атындағы тарих және этнология институты  
(28-үй, Шевченко көш., 050010 Алматы, Қазақстан Республикасы)  
Ғалым хатшы, PhD  
 <https://orcid.org/0000-0001-7165-9935>. E-mail: [nurgulca@mail.ru](mailto:nurgulca@mail.ru)

<sup>3</sup>Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті  
(71-үй, әл-Фараби даңғ., 050040 Алматы, Қазақстан Республикасы)  
PhD докторант  
 <https://orcid.org/0009-0003-3643-8338>. E-mail: [symbat.moshyn@gmail.com](mailto:symbat.moshyn@gmail.com)

© Ш.Ш. Уәлиханов атындағы ТЭИ, 2024

© Төлебаев Т.А., Құрманалина Н.Н., Илгидаева С.М., 2024


**Аңдатпа.** *Кіріспе.* Мақалада тәуелсіз Қазақстан кезеңіндегі архив ісіне қатысты жазылған бірқатар еңбектерге тарихнамалық талдау жасала отырып, тәуелсіздік жылдары архив ісінің қалыптасуы, ұйымдастыру жүйесі, ақпараттарды модернизациялау мәселесі, қорландыру жүйесі, архивтегі экспертиза ісі, сандық жүйеге көшіру мәселелері, аудиовизуалды құжаттар, олардың ерекшеліктері мен мәселелері ғылыми негізде зерттелген. *Зерттеудің мақсаты мен міндеттері* – еңбектерге тарихнамалық талдау жасау, тәуелсіздік кезіндегі архив ісінің зерттелу дәрежесін айқындау және әлі де болса қажет мәселелерін анықтау мақаланың негізгі мақсаты болып табылады. *Нәтижелер.* Қазақстан Республикасы өз тәуелсіздігін алғаннан кейін архив ісі саласында үлкен жетістіктерге жетіп келеді. Республикада архивтану мәселелерін, архив саласы қалыптасқан жекелеген тарихи кезеңдерді зерттеудің өзіндік ғылыми базасы қалыптаса бастады. *Қорытынды.* Мақалада Қазақстандағы архив ісінің даму тарихы жайлы жарияланған монографиялар, ғылыми мақалалар, оқу құралдары тарихнамалық дерек ретінде пайдаланылды.


**Түйін сөздер:** Зерттеулер, еңбектер, зерттеуші, архив ісі, архивтанушы, тарихнама


**Дәйексөз үшін:** Төлебаев Т.А., Құрманалина Н.Н., Илгидаева С.М. Қазақстан Республикасындағы архив ісінің зерттелуі // «Edu.e-history.kz» электрондық ғылыми журналы. 2024. Т. 11. № 2. 462–477 бб. (Қаз.). DOI: 10.51943/2710-3994\_2024\_11\_2\_462-477

## ИССЛЕДОВАНИЕ АРХИВНОГО ДЕЛА В РЕСПУБЛИКЕ КАЗАХСТАНА

Тұрғанжан Абеуович Тулебаев<sup>1</sup>, Нургуль Нурсултановна Курманалина<sup>2</sup>,  
Сымбат Мошыновна Илгидаева<sup>3</sup>

<sup>1</sup>Казахский национальный университет им. Аль-Фараби  
(д. 71., пр. аль-Фараби, 050060 Алматы, Республика Казахстан)  
Доктор исторических наук, профессор  
 <https://orcid.org/0000-0001-7376-9732>. E-mail: [tur-07@mail.ru](mailto:tur-07@mail.ru)

<sup>2</sup>Институт истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова  
(д. 28, ул. Шевченко, 050010 Алматы, Республика Казахстан)  
Ученый секретарь, PhD  
 <https://orcid.org/0000-0001-7165-9935>. E-mail: [nurgulca@mail.ru](mailto:nurgulca@mail.ru)

<sup>3</sup>Казахский национальный университет им. Аль-Фараби  
(д. 71., пр. аль-Фараби, 050060 Алматы, Республика Казахстан)  
PhD докторант  
 <https://orcid.org/0009-0003-3643-8338>. E-mail: [symbat.moshyn@gmail.com](mailto:symbat.moshyn@gmail.com)

© ИИЭ имени Ч.Ч. Валиханова, 2024

© Тулебаев Т.А., Курманалина Н.Н., Илгидаева С.М., 2024

**Аннотация.** *Введение.* В статье проведен историографический анализ ряда работ, относящихся к архивному делу периода независимого Казахстана, на научной основе исследованы вопросы становления архивного дела за годы независимости, система организации, проблема модернизации информации, система фондирования, экспертиза в архиве, проблемы цифровизации, аудиовизуальные документы, их особенности и проблемы. *Цель и задачи исследования* – основной целью статьи является проведение историографического анализа трудов, определение степени изученности архивного дела при независимости и выявление все еще необходимых вопросов. *Результаты.* После обретения Республикой Казахстан независимости, она добилась больших успехов в сфере архивного дела. В Республике началось формироваться собственная научная база изучения архивоведческих проблем, отдельных исторических периодов, на протяжении которых происходило формирование архивной отрасли. *Выводы.* В качестве историографического источника в статье использованы опубликованные монографии, научные статьи, учебные пособия по истории развития архивного дела в Казахстане.

**Ключевые слова:** Исследования, труды, исследователь, архивное дело, архивист, историография

**Для цитирования:** Тулебаев Т.А., Курманалина Н.Н., Илгидаева С.М. Исследование архивного дела в Республике Казахстана // Электронный научный журнал «edu.e-history.kz». 2024. Т. 11. № 2. С. 462–477. (На Каз.). DOI: 10.51943/2710-3994\_2024\_11\_2\_462-477

## Кіріспе

Қазақстандағы архив ісінің құрылу тарихы, қалыптасуы және өркендеуі ұзақ уақытты қамтитын үрдіс. Еліміздің патшалық Ресейдің отарында, кейін кеңестік империяның құрсауында болуы, шынайы тарихымызды және архив ісін де зерттеуге деген мүмкіндікті шектегендігін білеміз. Еліміз тәуелсіздік алғаннан кейін тарихқа деген көзқарастың өзгеруіне байланысты жаңаша көзқарастағы еңбектер дүниеге келе бастады. 1998 жылы 22 желтоқсанда Қазақстан Республикасының «Ұлттық мұрағат қоры мен мұрағаттар туралы» Заңының қабылдануы осы сала жұмысын өзіне тән міндеттер негізінде орындауының құқықтық негізін қалады (Ұлттық мұрағат қоры және, 2008). Осыған орай Қазақстандағы архив ісі мәселесі жаңаша сипат ала бастады. Архив ісін модернизациялау, архивтерді сандық жүйеге көшіру басталды.

Мұның барлығы, конференциялардағы баяндамалар, ғылыми және ғылыми көпшіліктік мақалалардан бастап диссертациялар мен монографияларға дейінгі дәрежедегі жаңаша көзқарастағы еңбектердің шығуына ықпал етті. Архив ісінің қалыптасуы, ұйымдастыру жүйесі, ақпараттарды модернизациялау мәселесі, қорландыру жүйесі, архивтегі экспертиза ісі, сандық жүйеге көшіру мәселелері, аудиовизуалды құжаттар, олардың ерекшеліктері мен мәселелері ғылыми негізде зерттеле бастады. Аталған еңбектердің барлығы архив ісі туралы еңбектердің көпқырлы екендігін көрсетеді.

Қазіргі уақытта тарихи ескерткіштер мен құжаттардың сақталуы, оны қалың көпшілікке таныту және халық игілігіне айналдыру маңызды да жауапты істердің бірі. Осы жағдайларға

байланысты тарихи құжаттар мен деректер сақталатын архив мекемелерінің тарихын, архив ісінің ұйымдастырылуы мен қалыптасуын, дамуын тарихнамалық тұрғыда зерделеу қоғамдық сұраныстан туындайтын, теориялық, практикалық тұрғыдан өзекті тақырып екендігі анық.

Тәуелсіздік кезеңінде архив ісінің зерттелу дәрежесі тарихнамалық тұрғыда толық, кешенді түрде зерттелген жоқ. Бұл мәселеге арналған тек бір ғана шағын мақала жарияланған. Мұның өзі біздің мақаламыздың өзектілігі мен қажеттілігін айқындай түседі.

### **Материалдары мен зерттеу әдістері**

Мақалада тарихнамалық дерек ретінде конференциялардағы Қазақстан Республикасы архивтері мен архившілері туралы жарық көрген баяндамалар мен мақалалардан бастап монографияларға дейінгі еңбектер талданады.

Тарихнамалық деректер тобында монографиялық еңбектердің орны ерекше. Салыстырмалы түрде еліміздің архивтері туралы монографиялық зерттеу еңбектері аз. Солардың ішінде көлемді де маңызды еңбектер ретінде архивтанушы-ғалым Г.А. Сексенбаеваның бірнеше жұмысына тоқталамыз. Олар: «Кинофотофонодокументы как исторический источник» (Сексенбаева, 2011), «Центральный государственный архив кинофотодокументов и звукозаписей: история и современность» (Сексенбаева, 2014), «Архивное дело в зарубежных странах (XX – начало XXI вв.)» (Сексенбаева, 2019), «Аудиовизуальные документы: источниковедческий и архивоведческий аспекты» (Сексенбаева, 2020).

Қазақстандағы архив ісі тарихына арналған тарихшы А. Ахметтің зерттеулері негізіндегі көлемді монографиясы да маңызды тарихнамалық дерек дерек ретінде талданады (Ахмет, 2018). Еліміздің архив ісі туралы жарық көрген көлемді еңбектер қатарына негізінен ЖОО профессор-оқытушылары жазған оқулықтар мен оқу құралдары да өзіндік орын алады.

Ал библиографиялық көрсеткіштер мен құжаттар жинақтары деректердің атрибуциясын айқындауда және кіріспелері, түсіндірме мақалалары, ескертпелері, коментарилері, есімдер мен географиялық атаулар көрсеткіштері т.б. тарихнамалық талдауды тереңдете және кеңейте түсуге көмектеседі. Мәселен, бірнеше адам аударып, түсіндірмелерін жазған және Бақыт Еженханұлы құрастырып, кіріспесін жазған «Қазақтардың Шыңжаң және Монғол жерлеріне қоныс аудару тарихына байланысты қытай мұрағат құжаттары» атты еңбекті ерекшелік айтуымыз керек (Қазақтардың Шыңжаң және Монғол, 2008).

Қазақстандағы архивтану ғылымы тарихнамалық тұрғыдан бүгінгі таңға дейін кешенді түрде зерттелмегендігін ескере отырып, архивретроспективтік, салыстырмалы-сараптамалық, айқындау, қорытындылау сияқты *әдістер басшылыққа алынды*. Әсіресе Кеңес үкіметі орнап, 1918 жылдан бастап архив ісін ұйымдастыру мен қорларын құру Ережесінен кейін жасалған жұмыстар тарихына қатысты мәселелер, тарихнамалық сұрыптаудан өткізіліп жаңа сыни көзқараспен бағамдалды.

### **Талқылау**

А. Ахметтің 2018 жылы жарық көрген «Қазақстандағы архив ісі», Г.А. Сексенбаеваның 2020 жарық көрген «Аудиовизуальные документы: истосниковедческий и архивоведческий аспекты» монографияларының кіріспесінде, А.Х. Мустафинаның 2023 жылғы «Историография развития архивного дела Казахстана (1991–2021)» мақаласында Қазақстандағы архив ісі мәселесіне байланысты тарихнамалық шолулар жасалып өтілген. Д. Абдукадырова мен Б. Джапаровтың редакциялығымен жарық көрген ұжымдық монографияда Қазақстандағы архив ісін ұйымдастыру мәселелеріне, отандық архив ісінің дамуына, архив құжаттарының сақталуын қамтамасыз етуге, методологиялық және методикалық аспектілеріне тоқталып өткен. Монографияларда әрбір зерттеуші өз тақырыбы аясында ғана тарихнамалық талдау жасайды. Сондықтан еліміздегі архив ісі тарихының тарихнамасы арнайы зерттеуді қажет етеді.

## Нәтижелері

КСРО кезеңінде архив ісінің қалыптасуы мен дамуы барысында РКФСР Халық Комиссарлар Кеңесінің (ХКК) төрағасы архив ісіне байланысты 1918–1919 жылдары бес декретке қол қойды. Бұл декреттер бойынша архивтегі барлық құжаттар бірыңғай мемлекет қорына жатқызылды және бүкілхалықтың меншігі ретінде жарияланды, құжаттарды сақтау және орталықтандыру мәселесі алға қойылды, барлық мемлекеттік мекемелердегі құжаттарды жоюға қатаң түрде тиым салынды.

Еліміз тәуелсіздік алып, дербес сыртқы саясат жүргізуі мен нарықтық экономикаға көшуі, мемлекеттік осы бағыттардағы қызметінің нәтижесі тарих ғылымына да жаңадан тың серпіліс туғызуда.

Тәуелсіз Қазақстанның архив ісін дамытудың бастауында тұрған тұңғыш маман архивист ретінде М.Ж. Хасанаевтың еңбектеріне тоқталмай өтуге болмайды. М.Ж. Хасанаевтың Қазақстанның архив ісінің 200 жылдығына арналған мақаласында архив ісі мыңдаған жылдар бойы адамзат тарихындағы қоғам дамуының ажырамас бөлігі болғандығын айтып өтеді. Мемлекеттің пайда болуынан бастап жазбаша құжаттарды сақтайтын архивтердің болуы жәйден жәй емес екендігін көрсетеді. «Өз кезегінде мемлекеттік биліктің қызметі құжаттамасыз мүмкін емес. Архив ісінің дамуы, әлеуметтік өмірдің барлық элементтері сияқты, қарапайымнан күрделіге, төменнен жоғарыға қарай жүрді. Қазақстан архивтерінің екі ғасырлық тарихы осы процестің айқын көрінісі болып табылады», - деп архивтің мемлекеттің даму процесіндегі рөліне тоқталады (Хасанаев, 1995: 13). Автор Қазақстандағы архив құрылысын революцияға дейінгі, кеңестік және тәуелсіздік кезеңдері деп бөле отыра үш кезеңнің әлеуметтік дамуының күрделі процестеріне тоқталады.

М.Ж. Хасанаев дереккөздерді пайдалана отырып жазған кеңес билігінің алғашқы жылдарындағы Қазақстанның архив ісі жайлы жазған еңбегінде, Қазақстанда архив ісін ұйымдастыру процесінің шешуші фактісі, оның пікірінше, РКФСР ХКК-нің 1918 жылғы 1 маусымдағы Жарлығын қабылдау болды. Автор қабылданған Жарлықтың жекелеген ережелерінің «кейбір нақтылануы» мен «түсініксіздігіне» назар аударды. Кейбір қысқартулар мен жекелеген ережелердің екіұштылығына қарамастан, жарлық архив ісін орталықтандыруға және құжаттарды орталықтандыруға бағытталған жаңа социалистік мемлекеттің алғашқы заңнамалық актісі болды. Онда мемлекеттік мекемелердің барлық мұрағаттары ведомстволық мекемелер және оларда сақталған істер мен құжаттар бірыңғай мемлекеттік архив қорын құрайтыны (БМАҚ) көрсетілген- деп Кеңес өкіметінің алғашқы жылдарындағы архив саласындағы Үкіметтің мемлекеттік саясатына жан-жақты сипаттама берді (ҚР ОМА. 2222-қ. 1-т. 212-іс. 20-п.).

ҚР ОМА-де сақталған М.Ж. Хасанаевтың 1918–1979 жылдардағы Қазақ КСР-дегі архив ісі жинағында, архивтерді құнды тарихи дереккөздермен жинақтауда «Қазақ орталық архивіне тарихи-революциялық қызығушылығы бар баспа және иллюстрациялық материалдарды, фототүсірілімдер мен кинофильмдердің негативтерін, сондай-ақ бұрынғы хандардың, сұлтандардың, белсенді қайраткерлер мен бұрынғы Алашорда үкіметінің жақтастарының архивтерін және басқа да архив материалдарын тапсыру туралы» 1928 жылғы ОАК қаулысының ерекше маңызға ие болғандығына тоқталады. Сонымен қатар бұл жинақта Қазақстан архивтерінің ҰОС жылдарындағы рөліне тоқтала келе - «Архивы Казахстана сыграли важную роль в пропаганде советского патриотизма, мобилизации сил отпора врагу», - деп баға беріп өтеді (ҚР ОМА. 2222-қ. 1-т. 212-іс. 96-п.) ҚазКСР Халық Комиссарлары Кеңесінің 1943 жылғы 27 қаңтардағы қаулысымен Алматыда ерекше маңызға ие кинофонофотоқұжаттар орталық мемлекеттік архиві ұйымдастырылғандығын да атап көрсетеді.

Архивтердің ішінде өзінің құжаттық қорларының түрі мен сапасы, шынайылық деңгейі бойынша ерекшеленетін саласы кинофотоқұжаттар мен дыбысжазбалардың архиві болып табылады. Кинофотоқұжаттар мен дыбысжазбалардың жасалуы, архивтерде жинақталуы мен қор құруы, сақталуы, тұтынушыларға жеткізілуі мен оларды тұтынушылардың пайдалануы бойынша да дәстүрлі, яғни қағаздық және жазбаша қорлардан тұратын архивтерден

ерекшеленеді. Мұнымен қатар, кинофотоқұжаттар мен дыбысжазбалардың мемлекеттік архивтерінің қалыптасуы мен дамуының өзіндік жолы, тарихы бар. Сол себепті де болар архивті зерттеушілер кинофотоқұжаттар мен дыбысжазбалардың мемлекеттік архивтері тарихына соқпай өте алмайды. Біздің елімізде аудиовизуалды құжаттар сақталатын архивтердің ішінде Қазақстан Республикасының кинофотоқұжаттар мен дыбысжазбалардың Орталық мемлекеттік архиві тарихы өте қызықты және бұл саладағы басты, жетекші және айқындаушы болып табылады. Бұл архивте 400 000 фотоқор, 100 000-нан астам киножылнамалық туындылар және 50 000 дыбысжазба қоры сақталған. Олардың барлығы Қазақстан тарихы бойынша таптырмас дерек көздері, тарихи ғана емес, мәдени, саяси, құқықтық, әлеуметтік және білімдік маңызы бар құжаттар.

Сол себепті де бұл архив тарихы біршама зерттеушілердің еңбектеріне арқау болған. Енді біз Қазақстан Республикасының кинофотоқұжаттар мен дыбысжазбалардың Орталық мемлекеттік архиві тарихын арнайы зерттеген Г.А. Сексенбаеваның көзқарастары мен тұжырымдарына тарихнамалық шолу жасап өтейік. Ұзақ жылдардан бері Қазақстан Республикасының кинофотоқұжаттар мен дыбысжазбалардың Орталық мемлекеттік архивін басқарып келе жатқан А.Ф. Сеитова өзінің еңбектерінде бұл архивтің жұмыс жүйесі, Мәскеудегі архивтардан Қазақстан тарихына байланысты аудиовизуалды құжаттарды айқындау, бүгінгі таңдағы Қазақстан Республикасының кинофотоқұжаттар мен дыбысжазбалардың Орталық мемлекеттік архивінің жағдайы туралы мәселелерді сөз етеді (Сеитова, 1997, Сеитова, 2003, Сеитова, 2009). Демек автор Қазақстан Республикасының кинофотоқұжаттар мен дыбысжазбалардың Орталық мемлекеттік архиві тарихын арнайы зерттемейді. Тек оның өзіне қатысты кейбір мәселелерді ғана сөз етеді. Басқа зерттеушілерден Г.А. Сексенбаеваның басты айырмашылығы оның еңбектерінде бұл мәселе кешенді түрде қарастырылған.

Белгілі архивтанушы Г.А. Сексенбаеваның 2011 жылы жарық көрген «Кинофотодокументы как исторический источник» атты оқу құралында Қазақстан Республикасының кинофотоқұжаттар мен дыбысжазбалардың Орталық мемлекеттік архиві тарихы арнайы бөлім ретінде сипатталған (Сексенбаева, 2011). Автор Қазақстан Республикасының кинофотоқұжаттар мен дыбысжазбалардың Орталық мемлекеттік архиві тарихын оның қалыптасуынан бастап 2010 жылға дейінгі аралықта баяндайды.

«1940–1980 жылдарда Қаз ССР кинофотоқұжаттар мен дыбысжазбалардың Орталық мемлекеттік архивінің қалыптасуы мен дамуы» атты тарауында еліміздегі мемлекеттік архив қызметінің қалыптасуы мен 70 жылдай уақыттағы дамуы сөз етіле келе Қазақстандағы кинофотоқұжаттар мен дыбысжазбалардың Орталық мемлекеттік архивінің тарихына баса назар аударады. Зерттеуші Қазақстанда кинофотоқұжаттар мен дыбысжазбалардың Орталық мемлекеттік архиві шартты түрде 1943 жылы құрылды деп көрсетеді. Бұл мұрағаттың құрылу кезі мен себептері жөнінде автор былай дейді: «Қазақ КСР-нің ҰКК-нің 1943 жылғы 27 қаңтардағы Қаулысымен Алматы қаласында 8 адамнан тұратын штаттық бірлігі бар Орталық Мемлекеттік кинофотоқұжаттар архиві құрылды. Архивтің құрылу себебі 1941 жылы 29 наурызда қабылданған «КСРО мемлекеттік архив қоры және КСРО мемлекеттік архивтер желісі туралы Ереже» болды (Сексенбаева, 2011: 105).

Бұл архивтің басты міндеті еліміздің тарихына қатысты кинофотофоноқұжаттарды жинау, сақтау ғана емес, оларды пайдаланатын ғылыми-зерттеу де болып есептелді. Ол Қазақ КСР ІХК (НКВД)-ның мемлекеттік архивтер бөліміне бағынышты болды және осы мекеменің ұсынысы негізінде КСРО ІХК тағайындайтын адам басқарып отырды. Соған қарамастан бұл архив ұзақ уақыт бойы үкімет тарапынан ешқандай көмек ала алмады, тіпті өзінің жеке ғимараты да болмады. Нормативті-әдістемелік құжаттар жетіспеді. Оның үстіне қорқушылар мен қоржасақтаушылар ретроспективті құжаттарын өздері иемденуге тырысып, Қазақстан Республикасының кинофотоқұжаттар мен дыбысжазбалардың Орталық мемлекеттік архивіне құжаттарын өткізуге кедергілер жасап та отырды. Осының барлығын сипаттай келе, автор былай дейді: «қиындықтарға қарамастан архив жинақталған материалдармен белсенді түрде жұмысын бастап кетті. Мәселен, 1943 жылы Қазақ КСР

Орталық Мемлекеттік мұражайына «Қазақстан – майданға», «Ұлы Отан соғысы майдандарындағы Қазақстандықтар» тақырыптары бойынша экспозиция жасау үшін облигациялар, және басқа да құндылықтарды Қызыл Туды озық шаруашылықтарға табыстауды және т.б. қамтитын 40 фотосурет берілді (Сексенбаева, 2011: 107).

Дегенмен архивтің материалдық негізі, жағдайы нашар болып қала берді. 1950 жылға қарай ол Қазақ КСР ІІМ Архив басқармасының ғимаратындағы жертөледегі екі бөлмеде әрекет еті. Ол екі бөлменің біреуі – көлемі 7 шаршы метр фотолаборатория, ал 21 шаршы метрлік екіншісінде 6 қызметкердің жұмыс орны, фотоқұжаттар қоймасы орналасты. Су жүйесі, канализация деген болмады. Бөлмелер пеш арқылы жылытылды. Осындай жағдайдағы архив жұмысын сипаттай келе автор: «Материалдардың нашар және толық сақталмауына байланысты құжаттардың құндылығына ешқандай сараптама жасамай, барлық дерлік көздер тұрақты сақтау үшін таңдалды. Кейіннен бұл қосымша жұмыс түрлеріне және құндылығы төмен және дублеттік құжаттарды анықтау бойынша уақыт шығындарына алып келді», - деп тұжырымдайды (Сексенбаева, 2011: 108).

1940–1950 жылдарда архившілер арасында кинофотофоноқұжаттарды мемлекеттік және ведомстволық сақтауды ұйымдастыру мәселелері туралы өткір пікірталастар жүрді. Автор осы пікірталастарға қысқаша тоқтала отыра ондағы аудиовизуалды құжаттарды қабылдайтын мемлекеттік архивтердің қызмет етуінің жолдары жөнінде екі түрлі көзқарастың ерекшеленгенін, оның бірі қорларды бөлшектеуге болмайтындығын негізге алған бағыт болса, екіншісі, бұның күрделілігін, көп шығынды қажет ететіндігін алға тартып қарсы болған топ болғандығын баяндайды. 1957 жылы 12 қазандағы Қазақ КСР Министрлер кеңесінің үкімі бойынша еліміздегі барлық архивтер біріктіріліп Орталық мемлекеттік архив құрылады. Соның барысында кинофотофоноқұжаттар архиві Қазақ КСР ОМА құрамына енеді. Зерттеуші өзінің жеке статусынан айырылғанына қарамастан 1960–1970 жылдары аудиовизуалды құжаттарға тарихи дерек ретінде қызығушылықтың біршама артқанын атап өтеді. Әсіресе 1959 жылдан бастап магнитті тасымалдаушылардағы фоноқұжаттардың архивтерге түсе бастағанын, олардың негізгі үш тобын ерекшелейді. Олар саяси қайраткерлердің, өндіріс орындары жетекшілері мәжілістерінің, әртүрлі салтанатты митингілердің және т.б. сөздерінің жазбалары; ауыл шаруашылығының дамуын баяндайтын және мәдени дамуға байланысты фоноқұжаттар болып бөлінген.

Еңбекте 1960–1970 жылдарда республикалық үкіметте бірнеше рет архив туралы мәселенің қаралғанына, кейбір құжаттардың қабылданғанына қарамастан әлі де көптеген кемшіліктердің орын алып отырғандығы сипатталады. 1974 жылы еліміздегі Бас архив басқармасының ұсынысымен Қазақ КСР кинофотоқұжаттар мен дыбысжазбалар ОМА құру туралы үкімет қаулысы бойынша Қазақ КСР кинофотоқұжаттар мен дыбысжазбалар ОМА қайта құрылды. Ол бүгінгі таңдағы ҚР ОМА ғимаратынан бұрынғы Партия тарихы институты мен Алматы облыстық партия архивінің орнына орналасты. Кітапта сол кездегі Қазақ КСР кинофотоқұжаттар мен дыбысжазбалар ОМА-ның жалпы жағдайы, ұйымдық құрылымы мен қызметкерлерінің саны туралы мәліметтер де берілген. Бұл архивтің жеке отау тігуі және сол 1970–1980 жылдардағы аудиовизуалды құжаттарға деген көзқарастың өзгеріп, тұтынушыларының санының өскені дұрыс, нақты деректер негізінде және кесте түрінде баяндалған. «Көптеген жылдар бойы шешілмеген ұйымдастырушылық, құқықтық, қаржылық сипаттағы проблемалар кешені дағдарыстық жағдайға алып келді және Қазақ КСР Бас архив басқармасымен ашық қақтығысқа ұласты», - деп көрсете келе автор, кеңестік кезеңдегі архив ісінің біршама бай тәжірибе де жинақтағандығын, оны кешенді түрде зерттеу қажеттігін де көрсетеді (Сексенбаева, 2011: 122).

Архив ісінің қалыптасуын тәуелсіздік кезеңде зерттеген А.Ахмет өзінің мақаласында КСРО кезеңіндегі біртұтас архив жүйесінің қалыптасу және даму, өркендеу кезеңдерінің өзіндік ерекшеліктерінің болғандығын айта келе, тәуелсіздік жылдарындағы архив ісінің дамуына салыстырмалы талдау жасап өтеді (Ахмет, 2009). Мақалада автор Кеңестік жүйеде қалыптасқан архив істерінің тарихын 5 кезеңге бөліп көрсеткен. Бірінші кезеңнің ерекшелігі КСРО мемлекеттік архив қоры мен СОКП архив қоры қалыптасып, кеңестік архив

құрылысының негізгі кезеңінің бастауы болды, - деп көрсетеді (Ахмет, 2009: 102). Екінші кезеңнің басты ерекшелігі – елде архив мекемелерінің жүйесі қалыптасып болды. Ал, үшінші кезең, ең қиын да, күрделі кезең – 1941 жылы 24 маусымда КСРО ХКК-і мен БКП (Б) Орталық комитетінің шешімімен эвакуациялық кеңес құрылды. Ал, 27 маусымда Үкімет «Адамдар мен құнды мүліктерді тасымалдау тәртібі» туралы қаулы қабылдады. Төртінші кезеңнің негізгі екі бағыты: бірінші бағыт – 30–40 жылдары негізі қаланған нормативтік актілер іс жүзінде жүзеге асырыла бастады; екінші бағыты – соғыс зардаптарын жою және архивтердің атқаратын қызметтерін ғылыми-әдістемелік негізде қайта құру бағыты. Бесінші кезең, СОКП-ның XX съезінің тарихи шешімдері елдің саяси жүйесіне, соның ішінде тарих ғылымы мен архив істеріне елеулі ықпал етті. «Бірақ өкінішке орай мемлекеттік архивтерде тарихи құжаттардың сақтандыру көшірмесі жүргізілмеді. Оның себебі, өндірістік – материалдық базаның жасақталмауынан орын алды», - қорытынды жасады (Ахмет, 2009: 104).

А. Мустафинаның «Қазақстандағы архив ісі: жағдайы мен болашағы» атты мақаласында тәуелсіздік алғалы Қазақстанда республикалық және аймақтық архив мекемелелерінің біраз өзгеріске ұшырағандығын айта келе: «Олардың қызметінің негізгі міндетті өткен төрт ғасырдағы халықтың құжаттық мұрасын сақтау және арттыруға бағытталған. Архившілер үшін бірегей архив құжаттарына құрметпен қарауға және мәдени, тарихи құбылыс ретінде сақтаудың алғашқы қадамын жасау өте маңызды», - деп көрсетті (Мустафина, 2017: 7). Автор қорларды толықтыру, маман-кадрларды даярлау мәселелерімен қатар даму басымдығына да ерекше мән берді. «2016 жылы 800 мыңнан астам сақтау бірлігі цифрландырылды, бұл шамамен 23 млн парақ. Бұл бағыттағы көшбасшы кинофотоқұжаттар мен дыбыстық жазбалардың орталық мемлекеттік архиві болып қала береді», - деп мақалада республикадағы архивтердің құжаттық материалдарды сандық форматқа көшіру барысындағы жетістіктерін де атап өтті (Мустафина, 2017: 7).

В.М. Чупров өзінің мақаласында Қазақстандағы архив ісінің дамуына тоқталады (Чупров, 2018). Қазақстан өз тәуелсіздігін алғаннан бастап архив ісінде жаңа кезең басталды. Бұл кезең, ең алдымен, архив ісі, құжаттама және құжаттаманы басқару, тарих пен мәдениеттің құжаттық ескерткіштерін сапалы жаңа принциптерде қорғау саласындағы мемлекеттік саясатты дереу қалыптастыруды және жүзеге асыруды талап етті. Автор бұл мақалада, қабылданған құқықтық құжаттарға сүйене отырып, 1991 жылдан бастап 2016 жылға дейінгі өзгерістерді талқылайды. Қазіргі уақытта Қазақстан Республикасының мұрағат мекемелерінің желісін Астана қаласындағы Қазақстан Республикасының Ұлттық архиві, Алматы қаласындағы Қазақстан Республикасы Президентінің Архиві, орталық мемлекеттік архивтер – Қазақстан Республикасының Орталық мемлекеттік архиві, Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік кино, фотоқұжаттар және дыбыстық жазба, Қазақстан Республикасының Орталық мемлекеттік ғылыми-техникалық құжаттама архиві құрайды. Мұның бәрі тәуелсіздік жылдарында архив ісі саласында айтарлықтай дәрежеде жұмыс атқарылып жатқандығын көрсетті. автор Қазақстандағы архив ісінің дамуына тоқтала келе, Қазақстан өз тәуелсіздігін алғаннан бастап архив ісінде жаңа кезең басталғандығын көрсетеді (Чупров, 2018: 41–42).

Ф.Н. Мийманбаеваның «Тәуелсіздік жылдарындағы Қазақстанның архив ісінің дамуы» атты мақаласында 1998 жылы желтоқсан айында қабылданған ҚР «Ұлттық архив қоры және архивтер» туралы Заңы, тәуелсіз Қазақстанның архив ісінің дамуы, Қазақстан архивтерінің халықаралық байланысы мәселесі қарастырылады. Сондай-ақ архив ісі саласы бойынша мемлекеттік саясатқа да үлкен мән береді: «Архив заңнамасын дамытуға және жетілдіруге бағытталған және архив ісін басқару және жүргізу органдарының Ұлттық архив қорын қалыптастыру, оны толықтыру, сақтау және пайдалану процестеріне неғұрлым тиімді ықпал етуі үшін жағдай жасайтын заңға тәуелді актілер, басқа да нормативтік құқықтық актілер мен әдістемелік құжаттар топтамасын әзірлеуге бірінші кезектегі назар аударылды» (Мийманбаева, 2019). Автор қабылданған құжаттарға талдау жасай келе «...саланың материалдық-техникалық базасының физикалық та моральдық та тұрғыда ескіргенін, қазіргі заманауи стандарттар мен қажеттілікке жауап бере алмайтындығы барлық құжаттарда

көрсетілгенін» атап өтеді (Мийманбаева, 2019: 164).

Ф.Н. Мийманбаева «Қазақстандағы архив ісін модернизациялау» атты мақаласында тәуелсіз Қазақстанда архив ісінде болған түбегейлі өзгерістер, нормативтік-құқықтық базаны әзірлеу, архив ісін дамыту тұжырымдамасын және мемлекеттік архивтердің материалдық-техникалық базасын жаңғырту бағдарламасын қабылдау қарастырылады (Мийманбаева, 2020: 73–74). Қазақстанда архив ісін жаңғыртудың төрт кезеңін атап көрсетті: 1. 2001–2005 жж.; 2. 2007–2009 жж.; 3. 2010–2017 жж.; 4. 2018–2025 жж. (Мийманбаева, 2019: 164–165). Осы кезеңдерде архивтерді ақпараттандыру және құжаттарды цифрландыру жөніндегі түрлі бағдарламалар мен жобаларды дайындау және іске асыру жөніндегі Үкімет пен архивтердің қызметтері ашылды.

Т.Д. Маканбаев пен Г.А. Сексенбаеваның ғылыми мақалалары бойынша большевиктік билік архивтерді өзінің бақылауына алу жұмыстарын ең алдымен ірі архив қоймаларын құрудан бастамды. Бұл Орталықтандыру идеясының мағынасы (БМАҚ – Бірыңғай мемлекеттік архив қоры) жалпы мемлекеттік көлемде орталықтандырылған архив жүйесін қалыптастырудан тұрады (Маканбаев, Сексенбаева, 2021).

Қазақстанда архивтерді ерекше басқару қалыптасқанға дейін, декретті жүзеге асыруды құзыреттіліктері кең Орталықтардың комиссарлары іске асырған. «Осы жұмыстарға негізінен ең алдымен архив қызметінің басқару мәселелерін шешкен коммунисттер қатыстырылды», - деп көрсетеді (Маканбаев, Сексенбаева, 2021: 221–222). Мақалада авторлар бірқатар еңбектерге талдау жасай келе кеңестік кезеңдегі архив ісінің құрылуы мен дамуына тоқталып өтеді.

А.Х. Мустафина мақаласында – Қазақстандағы архив дамуының тарихы бойынша жарық көрген ғылыми еңбектерге тарихнамалық талдау жасаған (Мустафина, 2023). Автор қазіргі қоғамда мемлекеттің ақпараттық ресурстарының қалыптасуындағы архив мекемелерінің және архив ісінің құрылуын жаңаша түсінуге деген қажеттілік туындап отырғанына мән береді. Сондай-ақ өзінің тарихнамалық талдауын осы мәселеде алғашқылардың бірі болып қарастырған мамандардың, оның ішінде М.Ж. Хасанаевтың кеңестік биліктің құрылуының алғашқы жылдарындағы архив құрылысын зерттеген еңбектерінен бастау алады. Еңбекте архив ісінің дамуын кезеңдерге бөлу мәселесі қаралады (Мустафина, 2023: 95–96). Бұл мақала архив ісінің дамуының тарихнамасына арналған алғашқы маңызды еңбек. Сондықтан да бұл өзекті де, ауқымды зерттеу объектісі әлі де өзінің жалғасын тауып үлкен еңбек болып шығуы керек деп ойлаймыз.

Г.А. Сексенбаеваның тарих ғылымдарының докторы ғылыми атағын алу үшін жазылған диссертациясының қолжазбасында аудиовизуалды құжаттардың тарихи деректік маңызы жан-жақты талданады (Сексенбаева, 2009). ҚазКСР Халық Комиссарлары Кеңесінің 1943 жылғы 27 қаңтардағы қаулысымен Алматыда ерекше маңызға ие фотофонокиноқұжаттардың орталық мемлекеттік мұрағаты ұйымдастырылады (Сексенбаева, 2009: 58). Қазақстанның мемлекеттік архивтері 70 жыл бойы тоталитарлық жүйе құрған жобаның шеңберіне сәйкес қызмет ете отырып, заңдарына бағына отырып, мемлекеттік құрылымның ресми құжаттарын сақтауды және пайдалануды қамтамасыз етті. Архив саласы қоғам өмірінің басқа салалары сияқты, ол да саясиланды және архивтердің қол жетімділігі, ашықтығы сияқты мәселелер негізге алынып отырды. Бірақ, архив тарихының тек кері жағын ғана айтуға болмайды. Кеңес үкіметінің алғашқы және одан кейінгі декреттері құжаттық байлықтарды, олардың шығу уақытына қарамастан сақтауға бағытталды (Сексенбаева, 2009: 70) деп баға беріп өтті.

Қазақстан тәуелсіздігін алғаннан кейін архив ісінің қалыптасуы мен дамуына қатысты кешенді еңбектердің қатарына А. Ахметтің «Қазақстандағы архив ісі» монографиясын жатқызуға болады (Ахмет, 2018). Монографияда Қазақстандағы архив ісінің ұйымдастырылуы, архив ісін басқару органдарының және архив мекемелері жүйесінің, ондағы архив қорларының жинақталу тарихы, архивтердегі құжаттарды сақтау, олардың ғылыми құндылығын анықтау, пайдалану, архив маман кадрларының құрамы, материалдық-техникалық базасы мәселелері қарастырылады. Автор Ресей Федерациясының Мәскеу, Орынбор, Астрахань, Уфа, Қазан, Саратов қалаларындағы, Өзбекстан Республикасы,



Қырғызстан Республикасы архив қорларында сақталған материалдар негізінде 1918–1991 жылдар аралығындағы Қазақстандағы архив ісінің ұйымдастырылуы мен архив қорлары құжаттарының ғылыми айналымға енгізілу тарихын тұжырымдады. Қазақстандағы архив құрылысының даму тарихын 6 кезеңге бөліп қарастырған: 1918–1929 жж., 1929–1941 жж., 1941–1945 жж., 1945–1956 жж., 1956–1970 жж., 1970–1991 жылдар. Еңбекте, архив құрылысындағы тұңғыш ұлттық кадрлардың өсу динамикасын архив қорларындағы құжаттар негізінде саралап көрсеткен (Ахмет, 2018: 19). Қазақстандағы архивтердің құрылуы – республикаға аса маңызды тарихи құжаттарды сақтау мақсатында ұйымдастырылып, жүзеге асырылған шаралардың бірі болды. Еңбекте, Қазақстандағы архив ісінің қалыптасуының бірден жолға қойылуы да қиынға соққандығын көрсетеді: арнайы жобамен салынған архив үйлерінің болмауы, архив қорларымен жұмыс жасай білетін кәсіби мамандардың жоқтығы, ел арасында әртүрлі жазбалар мен шежірелерді жинастырудың өзінің дағдысының қалыптаспауы және архивте сақталатын құнды құжаттар мен сирек кездесетін қолжазбаларға деген немқұрайлы көзқарастардың көп кедергі болғандығы жайлы мәліметтер келтірген.

Қазақстандағы архив ісінің қалыптасуы мәселесін көтерген Д. Абдукадырова мен Б. Джапаровтың редакциялығымен жарық көрген ұжымдық монографияда Қазақстандағы архив ісін ұйымдастыру мәселелеріне, отандық архив ісінің дамуына, архив құжаттарының сақталуын қамтамасыз етуге, құжаттарды бағалауға субъективті көзқарасты болдырмау үшін құндылықты сараптаудың бірыңғай әдістемесіне, арнайы әзірленген қағидаттар мен құжаттарды іріктеу критерийлеріне негізделуі керек деп методологиялық және методикалық аспектілеріне тоқталған (Организация архивного дела, 2019). Еңбектің хронологиялық шеңбері 1794 жылдан бастап, яғни Қазақстан территориясындағы архивтердің құрылуынан бастап, кеңестік кезеңде қалыптасуы және қазіргі кезеңдегі отандық архив ісінің дамуына дейінгі аралықты қамтиды. Қазақстанның мемлекеттік тәуелсіздігіне қол жеткізуімен, жаңа саяси жүйесінің енгізілуімен және қазіргі заманғы заңнамалық базаға негізделген ұлттық архив қызметін құру мәселесі тұрды. Айта кету керек, Кеңестік Қазақстанның архив ісі тарихында архивтік заңнама болмаған, архив саласы қабылданған үкіметтік заңға тәуелді актілермен «айналысты». «Ұлттық мұрағат қоры және мұрағаттар туралы» Қазақстан Республикасының Заңы 1998 жылғы желтоқсанда қабылданды, нәтижесінде мұрағаттар биліктің таптырмас атрибуты, мемлекет пен қоғам өмірінің әртүрлі аспектілеріндегі жан-жақты ақпарат қоймасы ғана емес, сонымен қатар мемлекеттік басқару құралы мәртебесінде түпкілікті бекітілді (Организация архивного дела, 2019: 19). Еңбекте, Қазақстанның архив саласын дамытудың негізгі әдіснамалық аспектілеріне баса назар аударылады. Авторлар Қазақстан мен шет елдердің архивтерінде ақпараттық технологияларды енгізу тәжірибесіне салыстырмалы талдау жасайды, оның негізінде архив мекемелерін одан әрі ақпараттандыруды дамытудың перспективалы бағыттарының бірі ретінде қарастыру ұсынылады. Сонымен қатар, теориялық және практикалық мәселелермен айналысатын құжаттану және архив ісі ғылыми-зерттеу институтының болмауы бұл саланың әлсіз тұсы екендігін баса айтты.

Г.А. Сексенбаеваның «Аудиовизуалды құжаттар: деректанулық және архивтанулық аспектілері» атты монографиясы аудиовизуалды құжаттардың деректанулық және архивтанулық мәселелерін теориялық, әдістемелік және ұйымдастырушылық-практикалық тұрғыда кешенді түрде зерттеуге арналған (Сексенбаева, 2020).

Монографияда «кинофотофоноқұжаттар» және «аудиовизуалды құжаттар» терминдері бірегей құжат кешені ретінде сипатталады. «Кинофотоқұжаттар тарихи дереккөздердің басқа түрлерінен оларда қамтылған ақпаратты кодтау тәсілімен ерекшеленетіні белгілі», - деп кинофотоқұжаттардың басқа құжаттардан айырмашылығын көрсеткен. (Сексенбаева, 2020: 9). Аудиовизуалды құжаттардың дәстүрлі (қағаз түріндегі) құжаттармен салыстырғанда артықшылығы даусыз факт болып табылады, өйткені олар бейнелі және дыбыстық ақпараттың барабар бекітілуін және қайталануын қамтамасыз етеді.

Р. Сариева мен А. Мустафинаның 2019 ж. бірлесіп жазған еңбектері Қазақстанның 1991–1998 жылдар аралығындағы архив ісінің дамуына арналады (Сариева, Мустафина, 2019). КСРО құлағаннан кейінгі, билік ауысып, қиын кезеңді басынан кешіріп жатқан жағдайларға қарамастан республиканың архив ісінің даму тарихына, кезеңдеріне жан-жақты талдау жасалды (Сариева, Мустафина, 2019: 29). Посткеңестік кезеңде республикадағы архив ісінің жай-күйі мен дамуына жүйелі талдау алғаш рет ұсынылып, саланың құқықтық және ұйымдастырушылық мәселелері кешенді түрде қаралды. Осы зерттеу шеңберінде жұмыс ерекше қызығушылық тудырады, өйткені онда қарастырылып отырған кезең қазақстандық архивтерде ақпараттық технологияларды енгізудің басталу уақытымен сәйкес келді.

Зерттеу мәселесіне тікелей қатысты еңбектердің бірі Р. Сариева мен А. Абдулинаның архив тарихына байланысты кітабын атап өтеміз (Сариева, Абдулина, 2006). Бұл еңбек Қазақстандағы архив ісінің ұйымдастырылу, қалыптасу кезеңдерінің 1918–1945 жылдар аралығын қамтиды. Еңбекте Орталық архив қорындағы материалдар негізінде мемлекеттік архивтердің құқықтық және ұйымдастырушылық үрдісі талданған. Кеңестер билігінің алғашқы кезеңіндегі Қазақстандағы архив саласының орталықтардырылуы өте баяу жүргізілуінің себебі, біріншіден, Басархивтің Наркомпростың негізгі бөлігі ретіндегі статусының жоқтығы; Архив ережесіне ҚазОАК мен ХКК-і тарапынан көңілдің аз бөлінуі, архив ісін басқарудың екі органының Түркістан АКСР мен Қазақ АКСР-нің Басархиві болуы және Қазақстанның орталық Ресейден шалғайда орналасуы; әдістемелік әдебиеттердің, ережелердің, архив құжаттарымен жұмыс жасау нұсқаулығының жетіспеуі, квалификацияланған маман кадрлардың жеткіліксіздігі әсер еткендігін баса назар аударып отыра жазды (Сариева, Абдулина, 2006: 33).

Р. Сариеваның «Мұрағат және тарих» атты мақалалар мен баяндамалар жинағында архив ісінің дамуы, құжаттық тарихи-мәдени мұраны сақтау және көбейтудегі архивтер қызметінен, еліміздің тарихы туралы жазба ескерткіштер, оқиғалар мен фактілерден мол мағлұмат беріледі (Сариева, 2004: 36).

Жинақта Қазақстан Республикасының 2002–2003, 2003–2004 жылдардағы архив ісінің дамуы, 1992–2004 жылдардағы архив ісінің оқиғалары мен фактілері, Қазақстан мен Ресей архивтерінің ынтымақтастығы жөнінде және т.б. мақалалар жинақталған. Қазақстан Республикасы Үкіметінің бекітуімен «Ұлттық архив қорлары» туралы Ереженің, «Мәдениет Министрлігінің архивтер мен құжаттарды басқару туралы Комитеттің Ережесінің» және т.б. қаулы – қарарлардың маңыздылығына тоқталып өтеді.

Мемлекеттің өз халқының тарихы мен мәдениетін куәландыратын өткеннің жазбаша ескерткіштеріне деген қамқорлығы қоғамның өркениетті дамуының маңызды шарты болып табылады. Бұл туралы өз мақаласында Қ. Есмағамбетов атап өтті (Есмағамбетов, 2005: 68). Осы аксиоманы ескере отырып, Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметі архивтік ақпаратты жинақтау, сақтау және пайдалану саласындағы мемлекеттік саясатты әзірлеу және іске асыру жөнінде бірқатар маңызды шаралар қабылдады. Архивтер мен құжаттаманы басқару комитеті Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 26 қаңтардағы (№ 146) және 2001 жылғы 11 маусымдағы (№ 797) қаулыларымен бекітілген Қазақстан Республикасында архив ісін дамытудың 2001–2005 жылдарға арналған тұжырымдамасы мен бағдарламасын әзірледі. Оларда архив саласындағы мемлекеттік саясаттың орта мерзімді бағдарламалары мен ұзақ мерзімді басымдықтары айқындалды.

Бақыт Еженханұлының құрастыруымен жарық көрген «Қазақтардың Шыңжаң және Моңғол жерлеріне қоныс аудару тарихына байланысты қытай архив құжаттары» атты басылымда қытай тілінен қазақ тіліне аударылған XVIII ғасырдағы Жетісу өлкесі тарихының архивтік құжаттары көрсетілген (Қазақтардың Шыңжаң және Моңғол, 2008). Бұл еңбектің маңыздылығы да сол, осы еңбек арқылы қоныс аударған қазақтардың жағдайы туралы Цинь архив құжаттарымен танысуға мүмкіндік алдық. Еңбекте көрсетілген құжаттардың барлығы 1864 жылғы «Тарбағатай келісімі» бойынша шекара бөлінісінен кейінгі Цин патшалығына қарасты жерлерде қалып қалған қазақтардың тарихи тағдырымен байланысты. Сонымен қатар, еңбекте: Цинь патшалығы өзіне қарасты болып қалған

қазақтарға саяси жағынан сенімсіздікпен қарап, олардан мейлінше сақтануды көздегенін айтады. Қазақтарды өздерінің тұрақты пайда көзі ретінде қарастырып, олардан алым-салықты молынан алған. Кітаптағы құжаттардың тағы да бір бөлігі Шыңжаңның басқа жерлерінен қазақтарды Қобда мен Тарбағатай аумақтарына кері қуумен қатысты болып табылады. Цинь патшалығы қазақтарды өздерінің билігіне төнген үлкен қауіп ретінде қарастырып, қазақтардың ізі тиген жерлердің барлығына «әскер шығарып қазақтарды кері қуып жіберіндер» деген бұйрық түсіргендігі айтылады (Қазақтардың Шыңжаң және Моңғол, 2008: 13).

Соңғы уақыттарда архивші мамандар Қазақстандағы архив ісінің ұйымдастырылуы және дамуы туралы білім беруде бірқатар жетістіктерге қол жеткізді. Нәтижесінде бірқатар оқулықтар мен оқу құралдары жарық көрді. Атап айтсақ, Р. Сариева, А. Абдуллина, Қ.Т. Жұмағұлов, Г.Е. Сабденова, М. Дакенов, Б. Нурпеисова, М.Ж. Хасанаевтың және О.Х. Мухатова, А.А. Адельгужин және т.б. Бұл еңбектерде Қазақстандағы архив ісін ұйымдастыру тарихы жан-жақты баяндалған.

Солардың бірі М. Дакенов, Б. Нурпеисова, М.Ж. Хасанаевтың да архив саласына арналған оқу құралдары (Дакенов, Нурпеисова, Хасанаев, 2003). Еңбекте республикадағы архив ісінің құрылуынан бастап дамуы мәселелері көтерілген. Қазақстандағы мұрағат мекемелерінің құрылымы, негізгі бағыттары және олардың қызметтеріндегі ерекшеліктері сипатталады. Оқу құралында архив ісінің ұйымдастырылуының тарихи кезеңдері, республикадағы архив қызметінің теориялық және методологиялық негіздері, архив ісі жөніндегі заңнамалар қарастырылған. Әсіресе архив мекемелерінің қазіргі әдістемелік және ғылыми жұмыстарының ұйымдастырылуы мәселесіне кеңірек көңіл бөлінген (Дакенов және т.б., 2003: 8).

Еңбекте, Қазақстанда архив ісінің қалыптасуы мен дамуы, сондай-ақ осы кезеңдердегі заңнамалық негіздері, мемлекеттік архивтердің құрылу тарихы, Ұлттық архив қорының негізгі көздері ретінде Қазақстан Республикасының жекелеген ірі архивтерінің құрамы мен мазмұны, құжаттардың сақталуын қамтамасыз ету, олардың құндылығын сараптау, құжат айналымын есептеу, ғылыми-анықтамалық аппарат жүйесі, қорларды ғылыми-практикалық пайдалану мәселелері көтерілген. Ғылыми-зерттеу жұмысы бөлімінде құжаттану, іс қағаздарын ұйымдастыру, археография, қосалқы тарихи пәндер (палеография, сфрагистика және т.б.) сияқты бағыттарды жетілдіру және ұйымдастыру тарихы бойынша зерттеу мәселелері қамтылған.

Г.А. Сексенбаева кинофотофоноқұжаттар жайында жазған оқу құралында аудиовизуалды дереккөздерінің өзіндік тілі, ақпаратты берудің ерекше жүйесі, шындықты бейнелі түрді көрсетуде ерекше мүмкіндіктерінің барекендігін айтады (Сексенбаева, 2011). Бүгінгі таңда қоғамның рухани өміріндегі аудиовизуалды құжаттардың рөлін, оның көпшілік аудиторияға идеологиялық және моральдық эстетикалық әсерін асыра бағалау қиын екендігін жасырмайды. Автор: «Аудиовизуалды дереккөздерінің өзіндік тілі, әлеуметтік ақпаратты берудің ерекше жүйесі, мүмкіндіктері бар», - деп баға беріп өткен (Сексенбаева, 2011: 4).

Г.А. Сексенбаева кинофотоқұжаттар және дыбыстық жазба орталық мемлекеттік архивінің тарихы туралы жазған оқу құралында аудиовизуалды құжаттардың жалпытеориялық, тарихи, деректанулық және архивтанулық мәселелері көтеріледі (Сексенбаева, 2014). Сонымен бірге, архив ісінің тарихы – гуманитарлық білімнің қажетті элементі болып табылады және тарихшының кәсіби деңгейін арттыруға ықпал етеді деп көрсетеді. Архив ісінің тарихы – тарих ғылымы, тарихнама және де арнайы (көмекші) тарихи пәндер саласына кіретін көптеген мәселелерді қозғайды. Қазіргі отандық архивтер, онда сақталатын құнды құжаттардың жинақтары бойынша, мамандарды даярлау деңгейі бойынша басқа дамыған елдердің архивтерінен кем түспейтін ғылыми-зерттеу мекемелері болып табылатындығын айтады. Автор, оқу құралында: «Архив ісінің тарихын, теориясы мен практикасын, архив ісінің қазіргі заманғы ұйымдастырылуын білу, архив анықтамалықтармен және архивтік құжаттармен жұмыс істей білу, олардан алынған ақпаратты зерттеу жұмысында сыни тұрғыдан пайдалану-мұның бәрі тарихшының кәсіби дайындығының маңызды бөлігін

құрайды», - деп тарихшыларға қойылатын талаптарды атап көрсетті (Сексенбаева, 2014: 7).

Қ.Т. Жұмағұлов, Б.Е. Нұрпейісова, Г. Сабденова бірлесіп жазған оқу құралында архив ісінің ұйымдастырушылық кезеңдері, әдістемелік және теориялық сипаты, Республика архивтарының құрылымы мен құрамы және қазіргі кезеңдегі архив ісіне қатысты нормативтік құжаттар қаралды (Жумагулов және т.б., 2015). Оқу құралында 1998 жылдың 22 желтоқсанда «Ұлттық архив қоры туралы» Заң қабылданғаннан кейін республикада архивтер ведомствосының құрылымы өзгереді, мемлекеттік архивтермен қатар мемлекеттік мекемелер, ұйымдар мен кәсіпорындардағы архивтердің құрамы мен мазмұны жаңартылады, кітапханалардың, мұражайлардың, ғылыми мекемелердің қолжазба жинақтары, мемлекеттік емес коммерциялық ұйымдардың архивтері, қоғамдық ұйымдардың, саяси партиялар мен қозғалыстардың архивтері пайда болады, азаматтардың жеке архивтері, Қазақстан Республикасының арнаулы мемлекеттік архивтері және т.б. барлығы 16 басқарма құрылғандығын атап көрсетеді (Жумагулов және т.б., 2015: 18).

Г.А. Сексенбаеваның ХХ–ХХІ ғғ. шет елдердегі архив ісінің жүргізілу барысына қатысты жазылған оқу құралында шет елдерде архив қызметін ұйымдастырудың заманауи негіздерін баяндайды (Сексенбаева, 2019). Сонымен қатар еңбекте, архив ісіне қатысты құжаттарды тұрақты сақтау технологиясы, пайдаланушыларды ретроспективті ақпаратпен қамтамасыз ету, маңызды архив қоймаларының құрамы мен мазмұны, оларды құжаттармен толықтыру, құжаттарды бағалау, құжаттардың сақталуын қамтамасыз ету сияқты бірқатар мәселелер көтерілген. Бұл еңбек, аталған мәселелерді зерттеу, шет елдерде архив ісін ұйымдастыруды, әртүрлі елдердегі архив құрылысы тәжірибесінің халықаралық маңыздылығын, мәдени саясаттың жалпы міндеттерін шешудегі архивтардың міндеттерін жақсы түсінуге мүмкіндік береді. Шет елдердегі архив ісінің жүргізілу ерекшеліктерін меңгеру, оны кейіннен отандық архив ісінде қолдана отырып, тәжірибе жинақтау көзі ретінде пайдалануға болады - деп түйіндеген (Сексенбаева, 2019: 226).

Қазақстанның архив ісінің тарихынан мағлұматтар беретін О.Х. Мухатова мен А.А. Адельгужиннің оқу құралы революцияға дейінгі кезеңнен басталып Қазақстан Республикасы, яғни бүгінгі күнге дейінгі кезеңді қамтыған (Мухатова, Адельгужин, 2021). Кеңестік билік әрдайым назарды Ресейдің архив ісінің дамуы мен одан әрі жетілдіруіне бөліп отырды. Олар оны өз қызметінде В.И. Лениннің құнды ескерткіштерді жоюға болмайтыны, керісінше оларды қайта өңдеу керек екендігі туралы бұйрығына сүйенді. Ресейдің архив ісіндегі жалпымемлекеттік жүйесінің бастауы болған Декрет кейіннен басқа да заңдық актілермен толықтырылды. 1921 жылы 1 қыркүйек Орынбор губерниясы архивінің негізінде Орталық өлкелік архив құрылды. 1922 жылы 24 қаңтарда «Қазақ АКСР-нің Орталық өлкелік архиві туралы Ереже» бекітілді. Сонымен қатар оқу құралында Қазақстан Орталық архивінің қорының толықтырылып отырғандығын көрсетеді. 1940 жылға дейін-ақ барлығы кеңестік кезеңге дейінгі 200 мың істен құралған 844 қор құрылды (Мухатова, Адельгужин, 2021: 65–66).

### **Қорытынды**

Еліміз тәуелсіздік алғаннан кейінгі кезеңде ҚР ОМА қалыптасуы мен дамуы туралы мәселелері біршама жақсы зерттелген. ҚР ОМА тарихы негізінде архив ісінің дамуы мен кезеңдері, олардың ерекшеліктері мәселелеріне біршама мақалалар, сондай-ақ жекелеген монографиялық еңбектер арналған. Сонымен қатар, еліміздегі кинофотофоноқұжаттар мәселелеріне арналған Г.А. Сексенбаеваның мақалалары мен монографиялық еңбектерінде кинофотоқұжаттар мен дыбыстық жазба ісінің тарихы кешенді түрде зерттелген. Қазақстанда архив ісі мамандарын даярлауға арналған бірнеше оқу құралдары да жарық көрген. Олар архив ісінің қалыптасуы мен дамуы туралы мәселелерді оқытып, үйретуден өзіндік орын алып келеді. Осындай негіздегі мақсатты және кешенді түрдегі зерттеулер мен зерттеушілер қажет екенін атап өтеміз.

Сонымен қатар, біз осы тарихнамалық талдаудың нәтижесінде болашақтағы зерттеушілердің төмендегідей мәселелерге назар аударғандары дұрыс болар еді деп

есептейміз. Қазақтан Республикасының Ұлттық мемлекеттік архивінің қалыптасуы мен дамуы, Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік ғылыми-техникалық құжаттама архиві, ҚР Президенті архивінің қалыптасуы, дамуы, бүгінгі таңдағы жағдайы туралы мәселелері әлі де болса, тереңдете зерттеуді қажет етеді. Сонымен бірге, еліміздегі архивтердегі қор құру, қорландыру мәселелері, құжаттардың сақталуын қамтамасыз ету, архив құжаттарының құндылығын айқындаудағы мемлекеттік сараптама жүргізу жекетектік қорлар, олардың ерекшеліктері, архив мамандары олардың қызметі, еңбек және тұрмыс жағдайы, архивші мамандарды даярлау және оларды шешу жолдары туралы мәселелер арнайы, кешенді зерттеулерді қажет етеді. Осы тұрғыдан алғанда, еліміздегі архивтану саласы бойынша әлі көптеген мәселелер өз зерттеушілерін күтіп тұр.

#### Дереккөздер

ҚР ОМА — Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік архиві.

#### Sources

CSA RK — Central State Archive of the Republic of Kazakhstan.

#### Әдебиеттер

- Ахмет, 2009 — *Ахмет А.* Мұрағат ісі: қалыптасуы, дамуы, өркендеуі // Қоғам және дәуір. 2009. № 4. Б. 101–104.
- Ахмет, 2018 — *Ахмет А.* Қазақстандағы архив ісі: монография. Алматы: ЖШС «Лантар Трейд», 2018. 424 б.
- Дакенов және т.б., 2003 — *Дакенов М., Нурпеисова Б.И., Хасанаев М.Ж.* Архивоведение. Учебное пособие. Алматы: Ғылым, 2003. 144 с.
- Есмагамбетов, 2005 — *Есмагамбетов К.* Отечественные архивы становятся богаче // Қазақстан мұрағаттары, 2005. № 1(1). С. 67–75
- Жумагулов және т.б., 2015 — *Жумагулов К.Т., Нурпеисова Б.Е., Сабденова Г.Е.* История и современная организация архивного дела Казахстана: учебное пособие. Алматы: Қазақ университеті, 2015. 165 с.
- Қазақтардың Шыңжаң және Моңғол, 2008 — *Қазақтардың Шыңжаң және Моңғол жерлеріне* қоныс аудару тарихына байланысты қытай мұрағат құжаттары; Р.Б. Сүлейменов атындағы Шығыстану институты. Құрастырған және кіріспе жазған: Б. Еженханұлы. Алматы: Искандер, 2008. 276 б.
- Маканбаев, Сексенбаева, 2021 — *Маканбаев Т.Д., Сексенбаева Г.А.* Қазақстандағы архив саласының кейбір аспектілері // Вестник «Исторические и социально-политические науки». 2021. № 1(68). С. 218–228.
- Мийманбаева, 2019 — *Мийманбаева Ф.Н.* Развитие архивного дела в Казахстане в период независимости // Вестник КазНУ. Серия историческая. № 4(91). С. 160–168
- Мийманбаева, Есебулат, 2020 — *Мийманбаева Ф.Н., Есебулат А.К.* «Модернизация архивного дела в Казахстане» // Наука России: Цели и задачи. 2020. № 24. С. 73–79
- Мустафина, 2017 — *Мустафина А.Х.* Архивное дело в Казахстане: состояние и перспективы // Казахстанская правда. 15 март. 2017. 7 с.
- Мустафина, 2023 — *Мустафина А.Х.* Историография развития архивного дела Казахстана (1991–2021) // История и архивы. 2023. № 1. С. 93–100.
- Мухатова, Адельгужин, 2021 — *Мухатова О.Х., Адельгужин А.А.* Из истории делопроизводства и архивного дела Казахстана. Алматы: Қазақ университеті, 2021. 134 с.
- Организация архивного дела, 2019 — *Организация архивного дела в Казахстане: практики, проблемы, инновации.* Коллективная монография. / Под. ред. Д. Абдукадыровой, Б. Джпарова. Алматы: Қазақ университеті, 2019. 366 с.
- Сариева, 2004 — *Сариева Р.* Мұрағат және тарих: (мақалалар, баяндамалар). Алматы: Арыс, 2004. 292 б.
- Сариева, Абдулина, 2006 — *Сариева Р., Абдулина А.* Очерки по истории организации архивного дела в Казахстане (1918–1945). Алматы: Арыс, 2006. 324 с.
- Сариева, Мустафина, 2019 — *Сариева Р., Мустафина А.* Очерки по истории организации архивного дела в Казахстане (1991–1997 гг.). Алматы: Қазақ университеті, 2019. 377 с.
- Сеитова, 1997 — *Сеитова А.Ф.* О работе ЦГА КФДЗ РК // Архивы Казахстана, 1997. № 2 (14). С. 11–16.
- Сеитова, 2003 — *Сеитова А.Ф.* О выявлении аудиовизуальных документов по истории Казахстана XX в. В г. Москве // Архивы Казахстана, 2003. № 2(32). С. 13–16
- Сеитова, 2009 — *Сеитова А.Ф.* Проблемы сохранения аудиовизуальных документов Национального архивного фонда РК. Проект «Асыл мұра» – пример успешного решения проблем сохранения музыкального наследия казахского народа // «Әл-Фараби атындағы Қаз ҰУ ғалымдарының «Мәдени мұра» бағдарламасын іске асыруға қосқан үлесі: жетістіктері мен даму бағыттары» атты халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары. Алматы: Қазақ университеті, 2009. 13–16 бб.
- Сексенбаева, 2009 — *Сексенбаева Г.А.* Аудиовизуальные документы как источники по истории Казахстана (на материалах ЦГА КФДЗ РК). Дисс. на соискание ученой степени, доктора исторических наук. Алматы, 2009. 265 с.

- Сексенбаева, 2011 — *Сексенбаева Г.А.* Кинофотодокументы как исторический источник. Алматы: Қазақ университеті, 2011. 232 с.
- Сексенбаева, 2014 — *Сексенбаева Г.А.* Центральный государственный архив кинофотодокументов и звукозаписей: история и современность. Алматы: Қазақ университеті, 2014. 190 с.
- Сексенбаева, 2019 — *Сексенбаева Г.А.* Архивное дело в зарубежных странах (XX – начало XXI вв.). учебное пособие. Алматы: Қазақ университеті, 2019. 244 с.
- Сексенбаева, 2020 — *Сексенбаева Г.А.* Аудиовизуальные документы: источниковедческий и архивоведческий аспекты. Алматы: Қазақ университеті, 2020. 272 с.
- Ұлттық мұрағат қоры, 2008 — Ұлттық мұрағат қоры және мұрағаттар туралы Қазақстан Республикасының Заңы // Қазақстанда іс Қағаздарын жүргізу. 2008. № 4(16). 20–32 бб.
- Хасанаев, 1995 — *Хасанаев М.Ж.* Архивному делу Казахстана – 200 лет // Горизонт, 1995. 10-16 ноябрь. С. 13.
- Чупров, 2018 — *Чупров В.М.* Развитие архивного дела в Республике Казахстан (1991–2016 гг.). // Материалы I, II летних школ молодых архивистов стран СНГ. Международной научно-практической конференции «Архивное дело на современном этапе: проблемы практика инновации». Алматы: Қазақ университеті, 2018. (26-30 июня 2017 г., 11-14 июня 2018 г.) С. 41–47.

### References

- Ahmet, 2009 — *Ahmet A.* Muragat isi: kalyiptasuyi, damuyi, өркендеui [Archival Affairs: formation, development, prosperity] // *Kogam jane dauir*, 2009. No. 4. Pp. 101–104. (In Kaz.).
- Ahmet, 2018 — *Ahmet A.* Kazakhstandagy arhiv isi: monografiya. [Archival affairs in Kazakhstan: monograph]. Алматы: JSHS "Lantar Treyd", 2018. 424 p. (In Kaz.).
- Chuprov, 2017 — *CHuprov V.M.* Razvitiye arhivnogo dela v Respublike Kazahstan (1991–2016 gg.) [Development of Archival Affairs in the Republic of Kazakhstan (1991–2016)] // *Materialyi I, II letnih shkool molodyih arhivistov stran SNGmejdunarodnoy nauchno-prakticheskoy konferentsii «Arhivnoe delo na sovremennom etape: problemy praktika innovatsii»*. Алматы: Kazakh universiteti, 2017. Pp. 41–47. (In Russ.).
- Dakenov et al., 2003 — *Dakenov M., Nurpeisova B.I., Hasanaev M.J.* Arhivovedenie. Uchebnoe posobie. [Archival science] Алматы: Gylym, 2003. 144 p. (In Russ.).
- Esmagambetov, 2005 — *Esmagambetov K.* Otechestvennyie arhivyi stanovyatsya bogache. [Domestic archives are getting richer] // *Kazakhstan muragattaryi*. 2005. No. 1(1). Pp. 67–75. (In Russ.).
- Hasanaev, 1995 — *Hasanaev M.Zh.* Arhivnomu delu Kazahstana – 200 let. [Archive business of Kazakhstan is 200 years old] // *Gorizont*, 1995. 13 p. (In Russ.).
- Jumagulov et al., 2015 — *Jumagulov K.T., Nurpeisova B.E., Sabdenova G.E.* Istoriya i sovremennaya organizatsiya arhivnogo dela Kazahstana: uchebnoe posobie. [History and Modern Organization of Archival Affairs in Kazakhstan: Study Guide] Алматы: Kazakh universiteti, 2015. 165 p. (In Russ.).
- Kazakhtardyn Shyinyan jane Mongol, 2008 — *Kazakhtardyn Shyinyan jane Mongol* jerlerine konys audaru tarihyina baylanyysty kutay muragat kujattaryi [Chinese archival documents related to the history of migration of Kazakhs to Xinjiang and Mongolian lands]. Алматы, 2008. (In Kaz.).
- Makanbaev, Seksenbaeva, 2021 — *Makanbaev T.D., Seksenbaeva G.A.* Kazakhstandagy arhiv salasyinyin keybir aspektileri [Some aspects of the archival industry in Kazakhstan] // *Vestnik «Istoricheskie i sotsialno-politicheskie nauki»*, 2021. No. 1(68). Pp. 218–228. (In Kaz.).
- Miymanbaeva, 2019 — *Miymanbaeva F.N.* Razvitiye arhivnogo dela v Kazahstana v period nezavisimosti [Development of archives in Kazakhstan during the period of independence] // *Vestnik KazNU, seriya istoricheskaya*, 2019. No. 4 (91). Pp. 160–168 (In Russ.).
- Miymanbaeva, Esebulat, 2020 — *Miymanbaeva F.N., Esebulat A.K.* «Modernizatsiya arhivnogo dela v Kazahstane». [Modernization of archives in Kazakhstan] // *Nauka Rossii: Tseli i zadachi*, 2020. No. 24. Pp. 73–79. (In Russ.).
- Muhatova, Adelgugin, 2021 — *Muhatova O.H., Adelgugin A.A.* Iz istorii deloproizvodstva i arhivnogo dela Kazahstana. [From the history of record keeping and archival business in Kazakhstan] Алматы: Kazakh universiteti, 2021. 134 p. (In Russ.).
- Mustafina, 2017 — *Mustafina A.H.* Arhivnoe delo v Kazahstane: sostojanie i perspektivy. [Archives in Kazakhstan: Status and Prospects] // *Kazahstanskaja pravda*. 15 mart. 2017. Алматы. 7 p. (In Russ.).
- Mustafina, 2023 — *Mustafina A.H.* «Istoriografiya razvitiya arhivnogo dela Kazahstana (1991–2021)» [Historiography of the development of archival affairs in Kazakhstan (1991–2021)] // *Istoriya i arhivyi*, 2023. Pp. 93–100. (In Russ.).
- Organizatsiya arhivnogo dela, 2019 — *Organizatsiya arhivnogo dela v Kazahstane: praktiki, problemy, innovatsii* [Organization of Archives in Kazakhstan: Practices, Problems, Innovations]. Алматы: Kazakh universiteti, 2019. 366 p. (In Russ.).
- Sarieva, 2004 — *Sarieva R.* Mұрағат jane tarih: (makalalar, bayandamalar) [Archive and history: (articles, reports)]. Алматы: Arys, 2004. 292 p. (In Kaz.).
- Sarieva, Abdulina, 2006 — *Sarieva R., Abdulina A.* Ocherki po istorii organizatsii arhivnogo dela v Kazahstane (1918–1945) [Essays on the history of the organization of archival business in Kazakhstan (1918–1945)]. Алматы: Arys, 2006. 24 p. (In Russ.).
- Sarieva, Mustafina, 2019 — *Sarieva R., Mustafina A.* Ocherki po istorii organizatsii arhivnogo dela v Kazahstane (1991–1997 gg.). [Essays on the History of the Organization of Archival Affairs in Kazakhstan (1991–1997)]. Алматы: Kazakh universiteti, 2019. 377 p. (In Russ.).

Seitova, 1997 — *Seitova A.F.* O Rabote CGA KFDZ RK // Arhivy Kazahstana. 1997. No. 2(14). Pp. 11–16. (In Russ.).

Seitova, 2003 — *Seitva A.F.* O vyjavenii audiovizual'nyh dokumentov po istorii Kazahstana HH v. V Moskve // Arhivy Kazahstana. 2003. No. 2(32). Pp. 13–16. (In Russ.).

Seitova, 2009 — *Seitova A.F.* Problemy sohraneniya audiovizual'nyh dokumentov Nacional'nogo arhivnogo fonda RK. Prekt "Asyl mura" – primer uspehnogo resheniya problem sohraneniya muzykal'nogo naslediya kazahskogo naroda. // "Al-Farabi atyndagy KazNU galymdarynyn "Madeni mura" bagdarlamasy iske asyruga koskan ulesi: zhetistikteri men damu bagyttary" atty halykaralyk gylymi-praktikalyk konferenciya materialdary. Almaty: Kazakh universiteti, 2009. Pp. 13–16. (In Russ.).

Seksenbaeva, 2009 — *Seksenbaeva G.A.* Audiovizualnyie dokumentyi kak istochniki po istorii Kazahstana (na materialah TSGA KFDZ RK). [Audiovisual documents as sources on the history of Kazakhstan (on the materials of TsGA KFDZ RK)] Diss. na soiskanie uchenoy stepeni, doktora istoricheskikh nauk. Almaty, 2009. 198 p. (In Russ.).

Seksenbaeva, 2011 — *Seksenbaeva G.A.* Kinofotodokumenty kak istoricheskij istochnik. Almaty: Kazakh universiteti, 2011. 232 p. (In Russ.).

Seksenbaeva, 2014 — *Seksenbaeva G.A.* Tsentralnyi gosudarstvennyiy arhiv kinofotodokumentov i zvukozapisey: istoriya i sovremennost. [Central State Archive of Film, Photo and Sound Records: History and Modernity] Almaty: Kazakh universiteti, 2014. 190 p. (In Russ.).

Seksenbaeva, 2019 — *Seksenbaeva G.A.* Arhivnoe delo v zarubejnyih stranah (HH –nachalo HHI vv.). uchebnoe posobie. [Archival business in foreign countries (twentieth – early twentieth centuries)]. Almaty: Kazakh universiteti, 2019. 244 p. (In Russ.).

Seksenbaeva, 2020 — *Seksenbaeva G.A.* Audiovizualnyie dokumentyi: istochnikovedcheskiy i arhivovedcheskiy aspekty [Audiovisual documents: source and archival aspects]. Almaty: Kazakh universiteti, 2020. (In Russ.).

Ultytyk muragat kory, 2008 — *Ultytyk muragat koryi* jane myragattar turaly Kazakhstan Respublikasyinyin Zany [Law of the Republic of Kazakhstan on the national archival fund and archives] // Kazakhstanda is Kagazdaryin jurgizu, 2008. No. 4(16). Pp. 20–32. (In Kaz.).

## МАЗМҰНЫ

### ТЕОРИЯ ЖӘНЕ ӘДІСНАМА

<b>Деннингхаус В., Джиеналиев Е.К., Раздыков С.З.</b> XIX ҒАСЫРДЫҢ 2 ЖАРТЫСЫ МЕН XX ҒАСЫР БАСЫНДАҒЫ НЕМІСТЕРДІҢ ҚАЗАҚСТАНДА ЭКОНОМИКАЛЫҚ ЖӘНЕ МӘДЕНИ БЕЙІМДІЛІГІНІҢ ТАРИХИ АСПЕКТІЛЕРІ.....	289
<b>Серғалиев М.Х.</b> ТАРИХИ ЖАДЫ: ӘСКЕРИ КОЛЛАБОРАЦИОНИЗМНІҢ СЕБЕПТЕРІ МЕН ШАРТТАРЫ («ТҮРКІСТАН ЛЕГИОНЫ» МЫСАЛЫНДА).....	303

### ТАРИХ

<b>Асылбекова Ж. М-А., Апендиев Т.Ә., Омарова Г.А.</b> 1991–2009 ЖЖ. ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫНЫҢ ЖҰМЫСПЕН ҚАМТЫЛУ МӘСЕЛЕСІ ЖӨНІНДЕ.....	318
<b>Жиренов А.А., Ошан Ж.</b> «МУ‘ИЗЗ АЛ-АНСАБ» ЕҢБЕГІНДЕГІ ШАҒАТАЙ ХАН УӘЗІРЛЕРІ.....	333
<b>Ибраева А.Ғ., Мәлікова С.З., Темірханова Ә.С.</b> АЛАШ ҚОЗҒАЛЫСЫ КЕЗЕҢІНДЕГІ АЙДАРХАН ТҮРЛЫБАЕВ ПЕН ЕРЕЖЕП ИТБАЕВТЫҢ ҚЫЗМЕТІ...347	347
<b>Қабыл А.Ә., Түрсүн Х.М., Әбікей А.М.</b> АУАҚӨШУШІЛЕР – САЯСИ ҚУҒЫН-СҮРГІН ҚҰРБАНДАРЫ.....	361
<b>Капбарова Г.Ш., Шашаев Ә.К., Карибаев С.У.</b> ТӘУЕЛСІЗДІКТІҢ АЛҒАШҚЫ ЖИЫРМА ЖЫЛДЫҒЫНДАҒЫ ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАННЫҢ ТАРИХИ-ДЕМОГРАФИЯЛЫҚ ЖАҒДАЙЫ (1991–2011 ЖЖ.).....	373
<b>Қасымбекова М.Ә.</b> БАТЫС ЖӘНЕ РЕСЕЙ ЗЕРТТЕУШІЛЕРІ ЕҢБЕКТЕРІНДЕГІ СОПЫЛЫҚТАҒЫ ӘУЛИЕЛІК МӘСЕЛЕСІ...387	387
<b>Қуанбай О.Б.</b> АБЫЛАЙ СҰЛТАННЫҢ БАШҚҰРТ КӨТЕРІЛІСІ САЛДАРЫНА ЫҚПАЛЫ (1735–1740 жж.).....	398
<b>Қозыбаева М.М., Қаипбаева А.Т.</b> ҚУҒЫН-СҮРГІН ЖӘНЕ МАРГИНАЛДАР: САЙЛАУ ҚҰҚЫҒЫНАН АЙЫРЫЛҒАНДАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ МӘРТЕБЕСІ МЕН БЕЙІМДЕЛУ МӘСЕЛЕЛЕРІ.....	411
<b>Нурпенсова Э.Т., Әбіл Е.А., Буканова Р.Г.</b> ЕЛДЕС ОМАРОВТЫҢ ӨМІРІ МЕН АҒАРТУШЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТІ.....	424
<b>Оралова А.А.</b> ҚОЖАБЕРГЕН САРДАРДЫҢ ШЫҒУ ТЕГІ МЕН КҮРЕСКЕРЛІК КЕЛБЕТІ ТУРАЛЫ КЕЙБІР ДЕРЕКТЕР...435	435
<b>Стамшалов Е.И.</b> XX ҒАСЫРДЫҢ 20-ЖЫЛДАРЫНДАҒЫ ҚЫТАЙ МЕН КЕҢЕСТІК РЕСЕЙ ШЕКАРА ҚЫЗМЕТТЕРІ ЖӘНЕ ҚАЗАҚ БОСҚЫНДАРЫ.....	447
<b>Төлебаев Т.А., Құрманалина Н.Н., Илгидаева С.М.</b> ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ АРХИВ ІСІНІҢ ЗЕРТТЕЛУІ.....	462
<b>Уалтаева А.С., Марғұлан А.С., Омарова Г.А.</b> XX ҒАСЫРДЫҢ 20–30 ЖЖ. ҚАЗАҚСТАН ДАМУЫНЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК-МӘДЕНИ ФЕНОМЕНІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ.....	478
<b>Ужкенов Е.М., Смағұлов Б.К.</b> «ҚАЗАҚ ОРДАСЫНАН» «ҚЫРҒЫЗ ДАЛАСЫНА» ДЕЙІН: ОРЫС ТАРИХНАМАСЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ХАНДЫҒЫ ТЕРРИТОРИЯСЫН ҚАБЫЛДАУДЫҢ ЭВОЛЮЦИЯСЫ (XVI – XX Ғ. БАСЫ).....	492

### АНТРОПОЛОГИЯ

<b>Сакенов С.</b> ТАРИХИ КЕЗЕҢДЕГІ ҚОСЫМША ЖЕРЛЕУ ҚҰРЫЛЫСТАРЫН ЖӘНЕ ҚАБІРЛЕРДІ ЕКІНШІ РЕТ ПАЙДАЛАНУЫ (СОЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН МАТЕРИАЛДАРЫНЫҢ НЕГІЗІНДЕ).....	507
---	-----



## СОДЕРЖАНИЕ

## ТЕОРИЯ И МЕТОДОЛОГИИ

<b>Деннингхаус В., Джиеналиев Е.К., Раздыков С.З.</b> ИСТОРИЧЕСКИЕ АСПЕКТЫ ЭКОНОМИЧЕСКОЙ И КУЛЬТУРНОЙ АДАПТАЦИИ НЕМЦЕВ В КАЗАХСТАНЕ ВО 2 ПОЛОВИНЕ XIX – НАЧАЛЕ XX ВВ.....	289
<b>Сергалиев М.Х.</b> ИСТОРИЧЕСКАЯ ПАМЯТЬ: ПРИЧИНЫ И УСЛОВИЯ ВОЕННОГО КОЛЛАБОРАЦИОНИЗМА НА ПРИМЕРЕ «ТУРКЕСТАНСКОГО ЛЕГИОНА».....	303

## ИСТОРИЯ

<b>Асылбекова Ж. М-А., Апендиев Т.А., Омарова Г.А</b> КВОПРОСУ О ЗАНЯТОСТИ НАСЕЛЕНИЯ В РЕСПУБЛИКЕ КАЗАХСТАН В 1991–2009 ГГ.....	318
<b>Жиренов А.А., Ошан Ж.</b> ВИЗИРИ ЧАГАТАЙ ХАНА В ТРУДЕ «МУ‘ИЗЗ АЛ-АНСАБ».....	333
<b>Ибраева А.Г., Маликова С.З., Темирханова А.С.</b> ДЕЯТЕЛЬНОСТЬ АЙДАРХАН ТУРЛЫБАЕВА И ЕРЕЖЕП ИТБАЕВА В ПЕРИОД ДВИЖЕНИЯ АЛАШ.....	347
<b>Кабыл А.А., Турсун Х.М., Абикей А.М.</b> ОТКОЧЕВНИКИ – ЖЕРТВЫ ПОЛИТИЧЕСКИХ РЕПРЕССИИ.....	361
<b>Капбарова Г.Ш., Шашаев А.К., Карибаев С.У.</b> ИСТОРИКО-ДЕМОГРАФИЧЕСКОЕ ПОЛОЖЕНИЕ ЮЖНОГО КАЗАХСТАНА В ПЕРВОМ ДВАДЦАТИ ЛЕТИ НЕЗАВИСИМОСТИ (1991–2011 ГГ.).....	373
<b>Касимбекова М.А.</b> ПРОБЛЕМА СВЯТОСТИ В СУФИЗМЕ В ТРУДАХ ЗАПАДНЫХ И РОССИЙСКИХ ИССЛЕДОВАТЕЛЕЙ....	387
<b>Куанбай О.Б.</b> ВЛИЯНИЕ АБЫЛАЙ-СУЛТАНА НА ПОСЛЕДСТВИЯ БАШКИРСКОГО ВОССТАНИЯ (1735–1740 гг.).....	398
<b>Козыбаева М.М., Каипбаева А.Т.</b> ПОЛИТИЧЕСКИЕ РЕПРЕССИИ И МАРГИНАЛЫ В ГОРОДАХ КАЗАХСТАНА В 1920–1930-Х ГГ.: ПРАВОВОЙ СТАТУС И ПРОБЛЕМЫ АДАПТАЦИИ ЛИШЕНЦЕВ.....	411
<b>Нурпенсова Э.Т., Абиля Е.А., Буканова Р.Г.</b> ЖИЗНЬ И ПРОСВЕТИТЕЛЬСКАЯ ДЕЯТЕЛЬНОСТЬ ЕЛДЕСА ОМАРОВА.....	424
<b>Оралова А.А.</b> НЕКОТОРЫЕ ИСТОЧНИКИ О ПРОИСХОЖДЕНИИ И БОЕВОМ ОБЛИКЕ САРДАРА КОЖАБЕРГЕНА.....	435
<b>Стамшалов Е.И.</b> ПОГРАНИЧНЫЕ СЛУЖБЫ КИТАЯ И СОВЕТСКОЙ РОССИИ И КАЗАХСКИЕ БЕЖЕНЦЫ В 20-Е ГОДЫ XX ВЕКА.....	447
<b>Тулбаев Т.А., Курманалина Н.Н., Илгидаева С.М.</b> ИССЛЕДОВАНИЕ АРХИВНОГО ДЕЛА В РЕСУПУБЛИКЕ КАЗАХСТАНА.....	462
<b>Уалтаева А.С., Маргулан А.С., Омарова Г.А.</b> ФОРМИРОВАНИЕ СОЦИОКУЛЬТУРНОГО ФЕНОМЕНА РАЗВИТИЯ КАЗАХСТАНА В 20–30-Х ГГ. XX ВЕКА.....	478
<b>Ужкенов Е.М., Смагулов Б.К.</b> ОТ «КАЗАЧЬЕЙ ОРДЫ» ДО «КИРГИЗСКОЙ СТЕПИ»: ЭВОЛЮЦИЯ ВОСПРИЯТИЯ ТЕРРИТОРИИ КАЗАХСКОГО ХАНСТВА В РУССКОЙ ИСТОРИОГРАФИИ (XVI – НАЧАЛЕ XX ВВ.).....	492

## АНТРОПОЛОГИЯ

<b>Сакенов С.</b> ПРИСТРОЙКИ И ВТОРИЧНОЕ ИСПОЛЬЗОВАНИЕ ПОГРЕБАЛЬНЫХ СООРУЖЕНИЙ В РАЗНЫЕ ИСТОРИЧЕСКИЕ ПЕРИОДЫ (ПО МАТЕРИАЛАМ СЕВЕРНОГО КАЗАХСТАНА).....	507
--	-----

## CONTENTS

## THEORY OF METHODOLOGY

**Denninghaus V., Jiynaliyev Ye.K., Razdykov S.Z.**

HISTORICAL ASPECTS OF ECONOMIC AND CULTURAL ADAPTATION OF GERMANS IN KAZAKHSTAN IN THE 2ND HALF OF THE XIX – EARLY XX CENTURIES.....289

**Sergaliev M.Kh.**

HISTORICAL MEMORY: REASONS AND CONDITIONS OF MILITARY COLLABORATION BY THE EXAMPLE OF THE «TURKESTAN LEGION».....303

## HISTORY

**Assylbekova Zh.M.-A., Apendiyev T.A., Omarova G.A.**

ON THE ISSUE OF EMPLOYMENT OF THE POPULATION IN THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN IN 1991–2009.....318

**Zhirenov A.A., Oshan Zh.**

THE VIZIERS OF CHAGATAI KHAN IN THE WORK "MU'IZZ UL-ANSAB".....333

**Ibrayeva A.G., Malikova S.Z., Temirkhanova A.S.**

ACTIVITIES OF AIDARKHAN TURLYBAYEV AND EREZHEP ITBAEV DURING THE ALASH MOVEMENT.....347

**Kabyl A., Tursun Kh., Abikey A.**

NOMAD MIGRANTS AS VICTIMS OF POLITICAL REPRESSIONS.....361

**Kapbarova G., Shashaev A. Karibaev S.**

HISTORY-DEMOGRAPHIC SITUATION OF SOUTHERN KAZAKHSTAN DURING THE FIRST TWENTY YEARS OF INDEPENDENCE (1991–2011).....373

**Kasimbekova M.A.**

THE PROBLEM OF HOLINESS IN SUFISM IN THE WORKS OF WESTERN AND RUSSIAN RESEARCHERS.....387

**Kuanbay O.B.**

ABLAI SULTAN'S INFLUENCE ON THE CONSEQUENCES OF THE BASHKIRS REBELLION (1735–1740).....398

**Kozybayeva M.M., Kaipbayeva A.T.**

POLITICAL REPRESSIONS AND MARGINALIZED PEOPLE IN THE CITIES OF KAZAKHSTAN IN THE 1920–1930S: LEGAL STATUS AND PROBLEMS OF ADAPTATION OF DISENFRANCHISED PEOPLE.....411

**Nurpeissova E.T., Abil Ye., Bukanova R.**

THE LIFE AND EDUCATIONAL ACTIVITIES OF ELDES OMAROV.....424

**Oralova A.A.**

SOME SOURCES ABOUT THE ORIGIN AND BATTLE APPEARANCE OF SARDAR KOZHABERGEN.....435

**Stamshalov Ye.I.**

BORDER SERVICES OF CHINA AND SOVIET RUSSIA AND KAZAKH REFUGEES IN THE 20S OF THE XX CENTURY.....447

**Tulebaev T.A., Kurmanalina N.N., Ilgidaeva S.M.**

RESEARCH OF ARCHIVAL BUSINESS IN THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN.....462

**Ualtayeva A.S., Margulan A.S., Omarova G.A.**

FORMATION OF THE SOCIO-CULTURAL PHENOMENON OF KAZAKHSTAN DEVELOPMENT IN THE 20–30S OF THE 20TH CENTURY.....478

**Ujkenov E.M., Smağulov B.Q.**

FROM THE “KAZAK HORDE” TO THE “KIRGIZ STEPPE”: THE EVOLUTION OF UNDERSTANDING THE TERRITORY OF THE KAZAK KHANATE IN RUSSIAN HISTORIOGRAPHY (XVI – EARLY XX CENTURIES).....492

## ANTHROPOLOGY

**Sakenov S.**

EXTENSIONS AND SECONDARY USE OF FUNERAL STRUCTURES IN DIFFERENT HISTORICAL PERIODS (BASED ON MATERIALS OF NORTHERN KAZAKHSTAN).....507

**EDU.E-HISTORY.KZ**

электрондық ғылыми журналы 2024. 11 (2)

*Бас редактор:*  
*Қабылдинов З.Е.*

*Компьютерде беттеген:*  
Копеева С.Ж.

Жарияланған күні: 25.06.2024.  
Пішімі 70x100/16. Баспа табағы 21,125.

*Құрылтайшысы және баспагері:*

Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым комитеті Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты ШЖҚ РМК

*Редакция мен баспаның мекен-жайы:*

050010, Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Шевченко көш., 28-үй  
ҚР ҒЖБМ ҒК Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты ШЖҚ РМК Тел.: +7 (727)  
261-67-19, +7 (727) 272-47-59

Е-mail: [edu.history@bk.ru](mailto:edu.history@bk.ru)

Журнал сайты: <https://edu.e-history.kz>

Ш.Ш. Уәлиханов ат. ТжЭИ басылған:  
050010 Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Шевченко көш., 28-үй